4. Жанды тақырып. Мәңгүрттенудің заманауи аналогының өзектілігі, Кеңес Өкіметімен 70 жыл отарлау және тәуелсіздік алғаннан кейінгі шатқаяқтаған 30 жылда да «мәңгүрттенудің» ішінара жалғасын табуы, ұлттық мәселенің қордалануы бұл феноменнің «жанды жара» болып қала беруіне, құбылыс жаңғырып тұрғандықтан, сипаттаушы сөздің да тіл айналымынан түспеуіне тікелей түрткі болды. Оған бірнеше фактор әсер етті деуге болады. Замануи мәңгүрттерді, қазіргі лексиконда айтылып жүргендей «зомбожәшік құлдарын» жасаушы елмен Қазақстанның тікелей жанасуы – басты себеп. Сонымен қатар, саяси жігердің әлсіздігі, мемлекеттік жаңарған институттардың «балаң» қалпынан жетіле алмай жатуы. Бізбен салыстырғанда қырғыз бауырлар демократия мен азаматтық белсенділік, саяси жігердің айқын дәлелдерін танытып үлгерді деуге көптеген мысал бар. Оның қаншалықты нәтиже беруі – бөлек тақырып, алайда сана еркіндігі жағынан қазаққа көрші қырғыз, әзірбайжан және өзбек қандастар көш ілгері екенін ісімен, ниетімен дәлелдеп отыр. Ал Қазақстанда өкінішке қарай, тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге келген ұрпақтың және олардан соңғы буынның да «мәңгүрттенуі» жаппай болмаса да, ішінара белсенді түрде жалғасып жатыр.

5. Туындының репрезентациялануы. Ш.Айтматов туындыларының жалпы тиражы бүгінге дейін шашамен 100 млн тираждан асты десек [14], соның сүбелі бөлігін

«Боранды бекет» романы» алары анық. Теориядан мәлім, көркем туынды басқа жолдармен де репрезентацияланды. 1980 жылы режиссер Ә.Мәмбетов Мәскеуде, 2017 жылы режиссерлер Антон Калипанов пен Ольга Шайдуллина Мәскеуде, ал 2022 режиссер Ұланмырза Қарыпбаев Астана театр сахнасында көрермен назарына ұсынды. 1990 жылы Түркімен, Түркия және Ливия мемлекеттері бірігіп түсірген «Манкурт» фильмі (режиссері: Ходжакули Нарлиев) заман үні мен сұранысына жауап бере отырып экранизацияланды. Бұл осы феноменді кітапты аса оқымайтын, визуализацияға ден қойған кейінгі жас аудиторияның да түсініп, қабылдауына ықпал етті. Сол арқылы идея мен мазмұн медиакеңістікте қалың бұқараға бірнеше есе қарқынмен тез тарап, мықты орнықты.

Нәтиже

«Мәңгүрт» феноменінің қазақ медиакеңістігінде тақырыпта және мәтінде қолдану аясы өте кең.

- Қазақ медиакеңістігінде «мәңгүрт» сөзін қолданудың 70-80 пайызы тіл мәселесіне қатысты болып отыр. Тілін білмейтін басшылар, шенеуніктер; орыс балабақшасы мен мектебіне беретін, соны талап ететін ата-аналар тақырыбы. Бір ескерерлігі, туған тілді білмеу проблемасы қырғыз ұлтына қарағанда, қазаққа қаттырақ қатысты, себебі салыстырмалы түрде көп қырғыз туған тілін біледі, ол тілде сөйлей алады.

- Өзге дінге бой ұрып, өз ділінен жирену жағдайларына байланысты. Мәңгүрт ұғымын өзге дінге еліктеп, өз ділінен бас тарту жағдайларын сипаттауда да жиі қолданады. Мәселен, этнограф ғалым Бердалы Оспан: «Белгісіз күштер қазақтың өзіндік ұлттық құндылықтарын басқа құндылықтармен алмастыру арқылы халықтың ұлттық мазмұнын жойып, мәңгүрт етіп құлға айналдырмақ», деп пайымдайды.

- Салт-дәстүрден безіну жағдайлары. Дәстүрлерден бас тарту, оны қаралау, бұрмалау, одан жирену, т.с.с.

- Өзге ұлттың дәстүрлерін дәріптеу оқиғалары. «Крещенские купания», буддизмге еліктеу, Гоаға барып мінәжат ету, Иегова куәгерлерінің төл дүниетанымға жат рәсімдері және т.б. түрлі секта мен этнотоптардың оқшау, санаға оғаш рәсімдерін тілге тиек еткен медиамаметіндер.

- Өзге нәсілден келін алу, өзге нәсілге тұрмысқа шығу инциденттері. Өз ұлтын ашық кемсіте отырып, өзге нәсіл өкілдеріне тұрмысқа шығып, онысын дәріптеу жағдайлары. Контент-анализ жасағанда, 2022-2023 жылдары осы тақырыпқа сай мәңгүрт сөзі 123 рет қолданылғанын анықтауға болады.

- Ұлттық құндылыққа жат, арсыз мінез-құлықтарды насихаттау жағдайлары. Әлеуметтік желіге хайп үшін салынатын ерсі, әдепсіз қылықтар, «Байзақова» феномені, т.с.с.

2-кесте

«Мәңгүрт» ұғымын қай мәселені сипаттағанда қолданатындығы туралы сауалнама нәтижесі



Сауалнама алу 2023 жылдың 4-7 қазан аралығында онлайн жүргізілді. Қатысқан Сауалнама алу 2023 жылдың 4-7 қазан аралығында онлайн жүргізілді. Қатысқан өңірлер: Астана, Алматы, Қызылорда, Ақмола облыстары. Жалпы – 198 респондент. "Мәңгүрт" сөзін медиакеңістікте (мақалада, әлеуметтік желіде, ауызекі тілде) шамамен қаншалықты жиі ұшырастырасыз немесе өзіңіз қолданасыз?» сауалына жауап нәтижесі: өте жиі – 6,6%, арасында бір – 19,6%, сирек – 46%, мүлдем ұшырастырмаппын – 27,8% [22].

Бүгінгі таңдағы мәңгүртізм басым көпшілік жағдайда – өз ұлттық құндылықтары мен ана тілін өзі жоюды көздейтін, осыған дейін кімнің отары болса, соның тілінде сөйлеп, соның мүддесі үшін жанталасатын индивидтердің ортақ атауы деп қабылданады. Мәңгүрттік идеологиясы әлемдегі ірі отаршылдық саясаттардың салдарынан пайда болды десек, қазіргі таңда шашын тықырлап алып, кепеш кигізудің қажеті жоқ, медиақұралдар, жалған тарих пен мен пропаганда мәңгүрттік феноменінің жаңа әдіс-тәсілдері болып саналады. Отаршылдар өздері зорлықпен иемденген елдердің байлығын тонап, мәдениетін ойрандап қана қоймай, сол халықтың азаматтарына мәңгүрттік идеологиясын сіңіріп, оларды өздерінің рухани құлына айналдыруға тырысады. Кейін сол ел тәуелсіздік алып, азат болса да, мәңгүрттік идеологиясы жұққан адамдар өз ұлтының мүддесіне қарсы әрекет жасап, ұлттық мемлекеттің дербес өмір сүруіне, өзін-өзі қалпына келтіруіне және өсіп-өркендеуіне кедергі келтірумен болады. Сондықтан ондайлар сыртқы жаулардан да қауіпті деп саналады. Егер олар сол елде билікке қол жеткізер болса, сол мемлекеттің өз ұлттық болмысын қалыптастыруына кететін уақыт ұзарып, жолы қиындауы заңдылық. Осы себепті «мәңгүрт» сөзі саналы, ойлы, тамырынан ажырамаған көзі ашық адамның бойында жиіркеніш тудырады, тексіздік пен санасыздықтың белгісі ретінде қабылданады.

Қорытынды

Қазақстанда мәңгүрт ұғымымен байланыстырып мақала жазып, деколонизация жасауға тырысатын бірінші топ – журналистер мен публицистер. «Мангуртизмнің» нақты көріністерін біз өмірде күнде көріп жүрміз. Орыспын деуге түрі келмейтін, қазақпын деуге тілі келмейтін қандастарымыз не ойлайды екен? Олар ештеңе де ойламайды. Өйткені олар – мәңгүрт. Ойланса мәңгүрт болмас еді. Мәңгүрт болу – сүйегіңді сату. Жоғары мәдениет пен терең білім, ұлтсүйгіштік пайым ғана қазақты биікке көтереді», дейді журналист, ғалым Темірғали Көпбай өз мақаласында [15].

Ал қоғам қайраткері, публицист Мырзан Кенжебай «Мәңгүрт дегеніміз кім?» атты мақаласында: «Мәңгүрттіктің басты белгісінің бірі – өз мемлекетінің, өз ұлтының тарихын білмеу. Білмегені былай тұрсын, кейбір мәңгүрт өз ұлтын бұрын оның мемлекеті болмаған, шекарасы болмаған, әскері болмаған дегенін де естіп жүрміз. Мәңгүрт адам өз ұлтын әртүрлі тайпалардан құралған тобыр деуге дейін барады», деп сипаттайды [7].

2023 жылдың қыркүйегіндегі дерек бойынша, қазақ ғаламторында «мәңгүрт» сөзі 45 000, ал «манкурт» 155 000 рет кездескен. Ол жерде сайттардағы мақалалар мен әлеуметтік желідегі қолданыс жиілігі де қамтылған. Желінің қарапайым қолданушылары да жанына, рухына, мәдениетіне қатысты өзекті тақырыптарда осы ұғымды жиі қолданғанын көре аламыз. Мәңгүрт атауын телуге қатысты кереғар пікірлер де бар. Ол консервативті, классикалық жүйеден басқаша. Мәселен, қоғам белсендісі Айдар Ерғалидің пікірінше, біз мәңгүрт сөзін өз образына сай қолданып жүрген жоқпыз. Өйткені, мәңгүрт – мәжбүрлі түрде, ешбір таңдаусыз есінен айырылғандар. Ал заманауи мәңгүрттерде таңдау бар. «... Бүгінгі күні бүкіл жағдайы бар бола тұра, өз ұлтының бар құндылықтарынан бас тартып, орыстан асқан орыс болам деп көк тиынға сатылып, арттарын жыртып, жалпаңдап жүрген сұқиттарды олай айтуға келмейді. Оларға өткендегі «камызьяки» деген күшті жарасады» [16]. Келесі бір желі қолданушылары өз әлеуметтік парақшаларында тарихқа тың көзбен қарауда мәңгүрт ұғымын пайдаланады. Мәселен, дәстүрлі әнші, публицист Ерлан Төлеутай: «Қонаевтың тұсында қазақ өз тілінен айырылып, таза мәңгүрт болуға шақ қалды. Ол басқарған жылдары елімізде мыңға жуық қазақ мектебі жабылды» дейді [17]. Соңғы жылдардағы әлемдегі тұрақсыз геосаяси жағдайға байланысты «мәңгүрт» ұғымын Украинадағы соғысты жақтаған Ресейде тұратын украиндыққа, Арменияның Қарабақты Әжірбайжанның өзіне қайтаруын құптайтын армян ғалымдарына қатысты да телитінін көруге болады. Мәселен, мобилизациядан бас сауғалап Қазақстанға келген якут белсендісі, рок-әнші Айхал Аммосов: «Біз мәңгүрт екенбіз» деп ашынады. Сонымен қатар 2023 жылдың 3 қазан күні жарияланған армянның қоғам қайраткері, тарихшы Саркис Асатрян өз сұхбатында әзірбайжан саясатын мақұлдауын сатқындықтан емес, дәйектіліктен екенін негіздей келіп, «Мен Мәңгүрт емеспін!» деп уәжін айтады [18]. Сонымен қатар Ақтан Төкіштің «Мәңгүртстан» романынан үзінді «Абай» және тағы басқа ақпараттық порталдарда үзінді болып жарияланып, қалың бұқараның мәңгүрт ұғымын тереңірек түсінуге ықпал етті [19]. Мәселен, «Мен оларға міндетті түрде мәңгүрт жайлы әңгімені айтып беремін. Бұл аңыз ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа көшіп келеді. Адам баласы үшін ең қауіпті, ең қорқынышты осы бір құбылысты әрбір жаңа ұрпақ білсін деп

талмай айтылып келе жатқан аңыз», деп басталатын мәтіннің өзінен бұл тақырыптың сан қырлы бұқаралық сипаттағы талқылау призмасынан өтсе де, ең негізгі ойды бір буыннан екінші буынға өзгеріске ұшыратпастан жеткізіп жатқандығын дәлелдейді.

«Адам болудан да ең қиыны – әр күні адам болу» деп сенген әдебиет ақсөзгері Ш.Айтматов өзінің тұңғыш романы арқылы «мәңгүрт» аңызының трагедиясын реалистік түрде суреттей келе, мәңгүрттіктен сақтанудың, алдын алудың ескертпесін де астарлап жеткізгені анық. Ал оның туындылары сол мәңгүрттіктен емдейтін шипаға пара-пар. Автор өзі реалистік проза деп бағалайтын [20] Ш.Айтматовтың шығармалары ғаламның 176 тіліне аударылып, жалпы 100 миллионнан астам данамен 130 елде жарық көрді. Қазақстанда да қазіргі күннің өзінде дүркін-дүркін қайта баспа бетін көріп тұратын туындыларының қатарында «Боранды бекет», «Құс жолы», «Жан пида» мен

«Тау құлаған» бар [21]. Әлемде Шекспир мен Толстойдан кейінгі ең көп оқылатын үшінші жазушы деген пікір бар. Қазақ жазушылары жиі айтатын «Адамзаттың Айтматовы» деген сөздің айқын дәлелі осы болса керек. Әлемдік әдебиет аспанына жұлдыздай жарқырап шыққан сөз зергері Шыңғыс Айтматов бұқаралық санаға батыл енгізіп, кең насихаттаған «мәңгүрт феномені» қоғамның деколонизация үрдісінде ерекше сипатымен қызмет ете берері анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Сәрсенхан Б. Әуезов пен Айтматов биігі // «Егемен Қазақстан» республикалық газеті. 2022. – 27 қазан. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/326706-aeuzov-pen-aytmatov-biigi> (қаралған күні: 12.09.2023).
2. Біздің М: (М.О. Әуезов туралы естеліктер)/ [құраст. Б. Сахариев; ред. алқа: Л. Әуезова [ж. б.] – Алматы: Жазушы, 1976. – 430 б.
3. Салықжанова А. «Манас» пен Әуезовті әспеттеген // «Түркістан» республикалық газеті. 2018.- 15 қараша. [Электронды ресурс]. URL: <https://turkystan.kz/article/72572-manas-pen-uezovti-spettegen> (қаралған күні: 18.09.2023).
4. Алпысбаев Қ. Айтматов феномені. // «Қазақ әдебиеті» газеті 2018.- 27 сәуір. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/14388/ajtmatov-fenomeni> (қаралған күні: 15.09.2023).
5. Әбіш М. Айтматов феномені: адам мен адамзат арасы...// «Егемен Қазақстан» республикалық газеті. – 2020. – 15 қаңтар. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/217930-aytmatov-fenomeni-adam-men-adamzat-arasy> (қаралған күні: 18.09.2023).
6. Кекілбаев Ә. «Күй» повесіндегі мәңгүрттік аңызы // [Электронды ресурс]. URL: <https://www.tarbie.kz/7810> (қаралған күні: 18.09.2023).
7. Кенжебай М. «Мәңгүрт дегеніміз кім?»// «Абай» ақпарат порталы. 2014.- 22 сәуір. [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/37888>. (қаралған күні: 10.09.2023).
8. Cengiz A. Günleri XX. Yüzyıla Damgasını Vuran İsimler: Törökul Aytmatov (1903-1938) ve Cengiz Aytmatov (1928-2008) Uluslararası Toplantı» халықаралық ғылыми симпозиумы. Анкара университеті Тіл, тарих және география факультеті. 9-10 қазан, 2023 ж. – Анкара. 9-10 қазан, 2023 ж.
9. Айтматов Ч. Буранный полустанок: Роман. Сыдыкбеков Т. Люди наших дней: Роман. Пер. с кирг. – Москва, Советский писатель, 1987. – 608 с.

10. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 9-том, 2007. – 688 б.,
11. Михайлов И. А. Феномен // Новая философская энциклопедия / Ин-т философии РАН; Нац. обществ.-науч. Фонд. — 2-е изд., испр. и допол. — М.: Мысль, 2010.
12. Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. — М.: Эксмо, 2008. — 944 с. — (Библиотека словарей).
13. Айтматов Ш. Боранды бекет. Роман. // Құс жолы. Хикаят.// Ауд: Ш.Мұртаза., Қ.Нұрмаханов, Астана: Аударма, 2011. – 456 б.
14. По следам памяти: редкие кадры из жизни великого писателя Айтматова // Кыргызское национальное информационное агентство. 2018. – 28 августа. [Электронный ресурс]. <https://kabar.kg/news/ro-piatam-aitmatova-redkie-kadry-iz-zhizni-velikogo-pisatelia/> Қаралған күні: 20.09.2023.
15. Көпбай Т. Қазақ жұрты: Мәмбеттік пен мәңгүрттік. [Электронды ресурс] «Қамшы» ақпараттық сайты. 2017. – 24 шілде. URL: <https://qamshy.kz/article/26846-qazaq-dgurty-mambet-tik-pen-manhgurttik> (Қаралған күні: 20.09.2023).
16. Айдар Ерғалидің Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасы. [Электронды ресурс] 2023. – 5 қазандағы жазбасы. URL: <https://www.facebook.com/100001622153013/posts/pfbid0LyJ8ePdytUoUsZTrgCWwzW TBuSPrgPVuW16KKYHR9GGRvp1ceFpa7T5ezTBWxPHjI/?mibextid=01WIX5>. (Қаралған күні: 20.09.2023).
17. Төлеутай Е. Қонаевтың тұсында қазақ өз тілінен айырылып, таза мәңгүрт болуға шақ қалды. [Электронды ресурс] 16 қаңтар 2023. "Адырна" ұлттық порталы. URL: <https://adyrna.kz/post/144558>. (Қаралған күні: 20.09.2023).
18. Асатрян С. Пять вопросов и ответов про Армению. [Электронный ресурс] 4 қазан 2023. URL: https://fb.watch/nujb_CD8LN/?mibextid=01WIX5 (Қаралған күні: 20.09.2023)
19. Төкіш А. Мәңгүрт. [Электронды ресурс]//19 тамыз 2011. «Абай» ақпараттық порталы. URL: <https://abai.kz/post/10088> (Қаралған күні: 20.10.2023).
20. Захарова К. Чингиз Айтматов: Он не умел водить машину и говорить по-английски. [Электронный ресурс] Респектабельная газета «Конкурент». 2008. – 18 июня. URL: <http://www.konkurent-krsk.ru/index.php?id=1421> (Дата обращения: 04.10.2023).
21. Айтматов Ш. Тау Құлаған. Романдар мен хикаят. //Ауд: Қами Нұрлан. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2017 – 608 б.
22. Онлайн-сауалнама дерегі. Google-форма. URL: <https://docs.google.com/forms/d/1zvIsPBnbxVCUSTWJmEhO2lR6WUIknYk0crSRCuqg6-8/edit>.

References

1. Sarsenkhan B. Auezov pen Aitmatov biigi. [The height of Auezov and Aitmatov] Egemen Kazakhstan" republican newspaper. 2022. - October 27. [Electronic resource]. Available at: <https://egemen.kz/article/326706-auezov-pen-aytmatov-biigi> (Accessed: 12.09.2023). [in Kazakh]
2. Bizdin Mukhtar. [Our Mukhtar: (memoirs about M. O. Auezov)] (comp. B. Sakhariev; ed. necklace: L. Auezova - Almaty: Zhazushi, 1976. P. 430). [in Kazakh]
3. Salikzhanova A. "Manas" pen Auezovty aspettegen. [Respecting "Manas" and Auezov] [Electronic resource] Turkistan" republican newspaper. November 15, 2018. Available at: <https://turkystan.kz/article/72572-manas-pen-uezovti-spettegen> (Accessed: 18.09.2023). [in Kazakh]

4. Alpysbayev K. Aitmatov phenomeny [Aitmatov phenomenon]. [Electronic resource] (Kazakh literature" newspaper 2018. - April 27). Available at: <https://qazaqadabiet.kz/14388/ajtmatov-fenomeni> (Accessed: 09.15.2023). [in Kazakh]
5. Abish M. Aitmatov phenomeny: adam men adamzat arasy... [Aitmatov phenomenon: between man and humanity]. [Electronic resource] (Egemen Kazakhstan" republican newspaper. - 2020. - January 15). Available at: <https://egemen.kz/article/217930-aytmotov-fenomeni-adam-men-adamzat-arasy> (Accessed: 09.18.2023). [in Kazakh]
6. Kekilbaev A. "Kui" povestdegy mangurttik anyzy. [The legend of Mangurt in the story "Kui"]. [Electronic resource] Available at: <https://www.tarbie.kz/7810> (Accessed: 18.09.2023). [in Kazakh]
7. Kenjebai M. Mangurt degenimiz kim? ["Who is Mangurt?"]. [Electronic resource] (Abay" information portal. 2014.- April 22). Available at: <https://abai.kz/post/37888> (Accessed: 10.09.2023). [in Kazakh]
8. Cengiz Aytmatov Günleri XX. Isimler: Törökul Aytmatov (1903-1938) and Cengiz Aytmatov (1928-2008) International Scientific Symposium. Ankara University Faculty of Language, History and Geography. – Ankara. October 9-10, 2023. [in Turkish]
9. Aitmatov Ch. Burannyi polustanok: Novel. Sydykbekov T. Lyudi nashih dnei. [Buranny Railway Stop: A novel. Sydykbekov T. People of our days] A novel. Per. enter with - Moscow, Soviet writer, 1987. - 608 p. p. 6) [in Russian]
10. Kazakhstan. National encyclopedia / editor-in-chief. B. Ayagan. - Almaty: "Kazakh Encyclopedias" editor-in-chief, volume 9, 2007. - 688 p., 170 p. [in Kazakh]
11. Mikhailov I. A. Fenomen//Novaya filosofskaya enciklopediya. [Phenomenon. New philosophical encyclopedia / Institute of Philosophy RAN; Nat. society-science Foundation.— 2nd ed., ex. and double. — M.: Mysl, 2010]. [in Russian]
12. Krysin L. P. Tolkovyj slovar' inoyazychnyh slov [Interpretive dictionary of foreign words]. — M.: Eksmo, 2008. — 944 p. — (Library dictionary). [in Russian]
13. Aitmatov Ch. Borandy beket. [The Blizzard way station. A novel]. (Sh. Murtaza, K. Nurmakhanov, - Astana: Audarma, 2011. P. 456). [in Kazakh]
14. Po sledam pamyati: redkie kadry iz zhizni velikogo pisatelya Ajtmatova // Kyrgyzskoe nacional'noe informacionnoe agentstvo [In the wake of memory: rare footage from the life of the great writer Aitmatova (Kyrgyz National Information Agency). [Electronic resource]. 28.08.2018. Available at: <https://kabar.kg/news/po-piatam-aitmatova-redkie-kadry-iz-zhizni-velikogo-pisatelja/> (Accessed: 09.20.2023).
15. Kopbai T. Kazakh zhurty: mambettik jane mangurttik. [Kazakh people: Mambettizm and Mangurtizm] [Electronic resource] (Kamshi" information site. 2017. - July 24). Available at: <https://qamshy.kz/article/26846-qazaq-dgurty-mambettik-pen-manhgurttik> (Accessed: 09.20.2023). [in Kazakh]
16. Aydar Yergali's Facebook page. 2023. - his post dated October 5. Available at: <https://www.facebook.com/100001622153013/posts/pfbid0LyJ8ePdytUoUsZTrgCWwzWTBuSPrgPVuW16KKYHR9GGRvp1c eFpa7T5ezTBWxPHJl/?mibextid=01WIX5> Accessed: (09.20.2023).
17. Toletai Y. Konaevtyn tusynda kazak oz tilinen ajyrylyp, taza mangurt boluga shak kaldy. [During Konaev's reign, Kazakhs lost their language and almost became pure Mangurt] [Electronic resource] (2023. - January 16. "Adirna" national portal). Available at: <https://adyrna.kz/post/144558> (Accessed: 10.20.2023). [in Kazakh]
18. Asatryan S. Pyat' voprosov i otvetov pro Armeniyu. [Five questions and answers about Armenia]. [Electronic resource] 2023. - October 4. Available at: https://fb.watch/nujb_CD8LN/?mibextid=01WIX5 (Accessed: 09.20.2023). [in Russian]

19. Tokish A. Mangurt. [Electronic resource] (2011- August 19. "Abai" portal). Available at: <https://abai.kz/post/10088> (Accessed: 09.20.2023). [in Kazakh]
20. Zakharova K. Chingiz Aitmatov: On ne umel vodit' mashinu i govorit' po-anglijski. [Chingiz Aitmatov: He couldn't drive a car or speak English] [Electronic resource] [Respectable newspaper "Konkurent". 2008. - June 18]. Available at: <http://www.konkurent-krsk.ru/index.php?id=1421> (Accessed: 04.10.2023). [in Russian]
21. Aitmatov Sh. Tau kulagan. [The fall of the mountain]. (Novels and stories. Aud: Kami Nurlan. - Almaty: "Davir-Kitap" publishing house, 2017. P. 608). [in Kazakh]
22. Online survey data. Google Form. URL: <https://docs.google.com/forms/d/1zvIsPBnbxVCUSTWJmEhO2lR6WUIknYk0crSRCuqg6-8/edit>

A. Sailaukyzy

MNU International School of Journalism, Astana, Kazakhstan

Chingys Aitmatov's "mangurtism" phenomenon in the Kazakh media space

Abstract. The scientific article examines the expression of writer Chingys Aitmatov's creativity in the modern Kazakh national worldview, as well as the role of the "mangurt" phenomenon in the mediasphere. As a result of historical concepts, its influence and impact on the formation of public opinion and public consciousness through communication influence are distinguished. The critical moment of the beginning of the 20th century, the fate of the Kazakh-Kyrgyz people, who share a common history and similar national identity, and the fate of the colonization are reviewed. He focuses on the shock and wave of national consciousness caused by the colonization, as well as the origins of the idea of freedom shaped by the demands of the times. We will discuss the conditions that led Chingys Aitmatov to embrace the Kazakh worldview. The examples of the writer who became known as the "Aitmatov of Humanity" and the concepts of man and nature, Mangurt, which dominate the Kazakh worldview, as well as the underlying media influence, which is relevant and sensitive to this day, are analyzed. Ethnological, socio-cultural, psychological, and historical reasons are referred to.

Keywords: Kazakh-Kyrgyz, Kazakh journalism, mediasphere, phenomenon, national worldview, Chingys Aitmatov.

А. Сайлауқызы

Международная школа журналистики МНУ, Астана, Казахстан

Феномен мангуртизма Чингиза Айтматова в казахской медиапространстве

Аннотация. В научной статье рассматривается выражение творчества писателя Чингиза Айтматова в современном казахском национальном мировоззрении и роль феномена «мангурт» в медиасфере. В результате исторических концепций выделяется ее влияние и воздействие на формирование общественного мнения и общественного сознания посредством коммуникативного воздействия. Рассмотрены объективные факторы начала XX века и судьбы

казахско-кыргызского народа, имеющего общую историю и схожую национальную идентичность, а также судьбу колонизации. Акцентируется внимание на потрясении и волне национального сознания, и истоках идеи свободы, созданной требованиями времени. Рассмотрены предпосылки, которые побудили Чингиза Айтматова войти в казахское мировоззрение. Названы примеры писателя, ставшего известным как «Айтматов человечества», и концепции человека и природы, а также феномен «манкурт», доминирующие в казахском мировоззрении, а также лежащее в их основе медиа-влияние, актуальное и чувствительное по сей день. Анализируются этнологические, социокультурные, психологические и исторические причины этого феномена.

Ключевые слова: казах-кыргыз, казахская журналистика, медиaprостранство, феномен, национальное мировоззрение, Чингиз Айтматов.

Автор туралы мәлімет:

Сайлауқызы А. – журналистика бойынша PhD ғылым докторы, Халықаралық журналистика мектебінің Adjunct Assistant профессоры, Мақсұт Нәрікбаев университеті. Сонымен қатар Ш.Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Халықаралық байланыс және PR бөлімінің басшысы, Астана, Қазақстан.

Saylaukyzy A. – PhD, Adjunct Assistant professor, International school of journalism, Maqsut Narikbayev University. Head of the International communication and PR department of the National scientific and practical center "Til-Kazyna" named after Sh. Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan.



МРНТИ 19.41.07

Ғылыми мақала

DOI:<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-97-105>

Бұқаралық ақпарат құралдарының балалар мен жасөспірімдер психологиясына әсері

К.Д. Асанов 

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: tatsiana_pd@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының балалардың психикалық жағдайына әсері зерттеледі. Теледидар бағдарламалары, интернет, әлеуметтік желілер және бейне ойындар сияқты медиа-контенттің әртүрлі түрлері, олардың балалардың эмоционалдық және психологиялық дамуына ықтимал әсері қарастырылады. Медиа әсерін күшейтетін немесе жеңілдететін факторлар, мысалы, отбасылық қолдау мен білім беру бағдарламалары талданады. Балалардың цифрлық дәуірде психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету үшін ата-аналарға, педагогтарға, контент жасаушыларға ұсыныстар беріледі. Мақалада сондай-ақ білім беру және дамыту бағдарламалары сияқты медиа-контенттің оң аспектілері қарастырылады, олар балалардың когнитивті, әлеуметтік дамуына ықпал етуі мүмкін. Медиа сауаттылық пен сыни ойлау балаларға теріс әсерлермен күресуге, медианы өз мүддесіне пайдалануға қалай көмектесетініне ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижесінде балалардың үйлесімді дамуы мен әл-ауқатына ықпал ететін қолайлы медиа ортаны құру үшін стратегиялық тәсілдер мен практикалық кеңестер ұсынылады. Сондай-ақ зорлық-зомбылық процесстері орын алатын теледидарлық бағдарламаларды, фильмдерді ұзақ уақыт көру, әлеуметтік желілерде тым көп уақыт өткізу және агрессивті мазмұны бар бейне ойындарды пайдалану, сол мазмұндағы бейнелерді қарау балалар мен жасөспірімдердегі агрессия, мазасыздық және ашуланшақтық проблемаларының жоғарылауына әкелуі нақты мысалдар берілген.

Түйін сөздер: Мультфильмдер, интернет, жасөспірімдер психологиясы, медиа мәтін, теледидар хабарлары, әлеуметтік желілер, бейне ойындар, когнитивті даму, медиа сауаттылық.

Кіріспе

Ғаламтор байланысы үздіксіз қолжетімді болғандықтан, ақпарат айдынында еркін жүзіп, еш қиындықсыз кез – келген қалаған ақпаратты игеруіне мол мүмкіндік берілген. Алайда, жасөспірімдер үшін қандай да бір шектеулер, тиым салу, қорғау тәрізді элементтер қарастырылмаған. Сол себепті, жасөспірімдердің жиі түрлі жайттарға ұшырауы осының салдарынан орын алып отырғаны рас.

Әрине технологияның балаға берер пайдасы көп екенін білеміз. Дегенмен, көптеген елде жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша таза ауада көп уақыт өткізген, спортпен шұғылданған және отбасымен де достарымен де жақсы қарым-қатынас құра білген балалар стрессті оңай жеңіп, өзгелерге қарағанда физикалық және психикалық тұрғыдан күштірек болады екен. Бұл үшін ата-анамен ұстаз арасында көпір салынып, екі жақтан баланың дамуына үлес қосу керек.

Бір жағынан технологиялар қарым-қатынас, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектесе алады. Екінші жағынан, зерттеушілер баланың мобильді құрылғыларды пайдалануының бірқатар жағымсыз әсерлерін, соның ішінде ұйқының бұзылуы, бала мен ата-ана арасының алшақтауы және баланың денсаулығы нашарлауы туралы мәлімдеген.

Ал ақпараттық технологияларды пайдалану кезіндегі жағымсыз әсерлерден қалай құтылу керек екенін білу үшін әлі де зерттеу жүргізу қажет.

Медиа балаға өзінше бір ләззат сыйлайды. Сонымен қатар, танымын кеңейтуге, білім жинауға көмектеседі. Бірақ балалар үшін қауіпсіз болуына аса ден қою керек. Балалар тәрбиесіне қатысты көптеген мәселелерде медиа жиі аталып жатады. Бала есейген сайын медиа мазмұны, қауіпсіздігі туралы, оған күніне қанша уақыт бөлу керектігі туралы сұрақтар да көбейе береді. Осыдан ата-аналар мен мұғалімдерге медиа білім беру саласы бойынша кеңестер беру өзектілігі туындайды. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, ата-аналардың 70%-дан көбі балаларының қандай сайтта отыратынынан хабарсыз екен. Сарапшылар мұны ата-аналардың селқостығынан емес, білмегендігінен, хабарсыздығынан дейді. Зерттеу тақырыбының негіздемесі де осы айтылған өзекті мәселелер төңірегінде өрбиді.

Әдіснама

Зерттеуді жүргізу үшін қолданыстағы зерттеулерге талдау, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының балаларға әсерін зерттейтін эксперименттік және бақылау зерттеулерінің нәтижелеріне мета-талдау жүргізілді. Бұл әсердің жағымды және жағымсыз, оң және теріс жақтары қарастырылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының оң әсері

Бұқаралық ақпарат құралдары балалар мен жасөспірімдердің дамуында оң рөл атқаруы мүмкін. Білім беру бағдарламалары, дамытушы мультфильмдер, деректі фильмдер және интерактивті ойындар балалардың танымдық және эмоционалды дамуына ықпал етуі мүмкін. Мысалы, сапалы білім беру қосымшалары мен ойындары балалар мен

жасөспірімдердің ғылымға, білімге, өнерге және әдебиетке деген қызығушылығын оята алады.

Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі әлемдегі балалар өмірінің маңызды аспектісіне айналууда. Теледидар, интернет, кино және әдебиеттің жас ұрпақтың психикасына әсері жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін. Алайда сапалы мазмұн балалардың дамуы мен тәрбиесіне айтарлықтай оң әсер етеді. Білім беру бағдарламаларының пайдасы: теледидар мен интернетте ұсынылған сапалы білім беру бағдарламалары балалардың ақыл-ой дамуын ынталандыруы мүмкін. Мұндай бағдарламалар әдетте балалардың психологиясы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалады. Балалар табиғат, ғылым, тарих және басқа салалар туралы білім ала алады. Бұл олардың жалпы дамуына ықпал етеді. Шығармашылық жағынан ынталандыру: фильмдер, мультфильмдер және әдеби шығармалар балаларды шабыттандырып, олардың шығармашылық ойлауын дамыта алады. Кейіпкерлер мен сюжеттер балалардың назарын аударып, өздерінің шығармашылық жобаларына шабыт бере алады. Бұл қиялдың дамуына, сондай-ақ коммуникативті және проблемалық-шешуші дағдылардың жақсаруына ықпал етеді. [1] Әлеуметтік хабардарлықты дамыту: бұқаралық ақпарат құралдары балалардың әлеуметтік хабардарлығын қалыптастыруда да маңызды рөл атқара алады. Фильмдер мен телешоулар достық, толеранттылық, теңдік және т.б. сияқты маңызды әлеуметтік тақырыптарды қамтуы мүмкін. Бұл балаларға айналасындағы әлемді жақсы түсінуге және эмпатияны дамытуға көмектеседі. Бұқаралық ақпарат құралдары дұрыс пайдаланылса, балалардың психикасына оң әсер етуінің көрсеткіші жоғары. Шығармашылықты ынталандыратын және әлеуметтік хабардарлықты арттыратын білім беру бағдарламаларын қамтитын сапалы мазмұн қазіргі әлемде балаларды дамыту мен тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Ата-аналар мен тәрбиешілер мұндай мазмұнға қол жеткізуді қамтамасыз етуі керек және балалардың психикасына жағымды әсерлерді арттыру үшін оның сапасын мұқият қадағалап отыруы керек.

Бұқаралық ақпараттың теріс әсері

Дегенмен бұқаралық ақпарат құралдарының балалар мен жасөспірімдер психикасына теріс әсер етуінің де әсері орасан. Зорлық-зомбылық процесстері орын алатын теледидарлық бағдарламаларды, фильмдерді ұзақ уақыт көру, әлеуметтік желілерде тым көп уақыт өткізу және агрессивті мазмұны бар бейне ойындарды пайдалану, сол мазмұндағы бейнелерді қарау балалар мен жасөспірімдердегі агрессия, мазасыздық және ашуланшақтық проблемаларының жоғарылауына әкелуі әбден мүмкін. [2]

Таяқтың екі ұшы бар демекші, әр нәрсенің оң және теріс әсері болады. Сол сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының да әсері әрқашан оң бола бермейді. Бақыланбайтын мазмұн жас ұрпақтың психикасына теріс әсер етуі мүмкін. Теледидар, интернет, кино және әлеуметтік медиа сияқты ақпараттың әртүрлі формалары балалар үшін стрестің, агрессияның және бағдарсыздықтың көзі бола алады. Денсаулыққа әсері: экран алдында ұзақ уақыт болу балалардың физикалық және психикалық денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Қозғалыстың болмауы, көзге тым көп стресс әкелетін зиянды сәулелер соның ішінде семіздік пен көру қабілетінің бұзылыстарына әкелуі мүмкін. Психологиялық қысым: интернеттегі кейбір бағдарламалар мен мазмұн балаларға психологиялық

қысым тудыруы мүмкін. Зорлық-зомбылық, жыныстық қатынас немесе есірткі туралы ақпараттың көптігі балаларда стрессті, мазасыздықты және депрессианы тудыруы мүмкін, әсіресе егер олар мұндай мәселелерді ата-аналарымен немесе ересектермен талқылауға мүмкіндігі болмаса. Әлеуметтік оқшаулану: экран алдында артық уақыт өткізу балалардың әлеуметтік оқшаулануына әкелуі мүмкін. Олар құрдастарымен қарым-қатынас жасау немесе нақты өмірлік жағдайларға қатысу мүмкіндігін жіберіп алуы мүмкін. Бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және жеке тұлғаны қалыптастыруға теріс әсер етуі мүмкін. Шындықтың бұрмаланған көрінісі: кейбір бағдарламалар мен фильмдер балаларда шындықтың бұрмаланған көрінісін тудыруы мүмкін, бұл оларды әлеуметтік нормалар, құндылықтар мен стереотиптер туралы жаңылыстырады. Бұл дұрыс емес мінез-құлқ пен көзқарастарға алып келеді. [3] Сондықтанда бұқаралық ақпарат құралдарындағы жоғарыдағы келеңсіздіктерге бақылау жүргізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілмесе балалардың психикасына үлкен қауіп төндіруі мүмкін. Ата-аналар мен ересектер балаларының не көретіні мен пайдаланатыны туралы хабардар болып, олардың салауатты дамуы мен әл-ауқатына ықпал ететін мазмұнға қол жеткізуін қамтамасыз етуі керек.

Нәтижелер мен талқылау

Бұқаралық ақпарат құралдарының балалар мен жасөспірімдер психикасына әсері әртүрлі факторларға, соның ішінде баланың жасына, экспозиция ұзақтығына, отбасылық қарым-қатынастарға және білім беру контекстіне байланысты болуы мүмкін екенін ескеру маңызды. Мысалы, зерттеулер отбасылық медиа мазмұнды талқылау және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын үнемі үйрету медианың балалар мен жасөспірімдер психикасына теріс әсерін төмендетуі мүмкін екенін көрсетеді.

Балалардың психикасын қорғауға арналған бұқаралық ақпаратты реттеу стратегиялары.

Бұқаралық ақпарат құралдарының балалар мен жасөспірімдер психикасына теріс әсері назайту үшін тиімді реттеу стратегияларын әзірлеу қажет. Ол үшін уақыт шектеулерін белгілеуді, сапалы және білім беру мазмұнын таңдауды, әлеуметтік медиада контентті сүзгіден өткізіп, сапалы әдебиет оқып, сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдердің, балалар мен жасөспірімдердің медиа біліміне белсенді қатысуын қамтиды. [4]

Қазіргі ақпараттық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары балалар мен жасөспірімдердің өмірлік көзқарастарын, құндылықтары мен мінез-құлқын, күнделікті дағдыларын қалыптастыруда шешуші де маңызды рөл атқарады. Теледидар, интернет, әлеуметтік медиа, басылымдар және басқа да медиа платформалар сәби кезінен бастап балалар мен жасөспірімдер өмірінің ажырамас бөлігіне айналуға бастады. Алайда медиа мазмұнға қол жетімділіктің артуы балалар мен жасөспірімдер психикалық денсаулығы мен дамуына әсері туралы алаңдаушылық туындайды. Бұл мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының балалар мен жасөспірімдер психикасына оң және теріс әсері қарастырылады.

Бүгінгі әлем ақпараттық технологиялар дәуірі болып сипатталатын жағымды, жағымсыз түрлі ақпаратпен қаныққан әлем. 21 ғасырда бұқаралық ақпарат құралдарының әсері едәуір өсе бастады, бүгінде ақпараттық технологияларды ересектер ғана емес, балалар да кеңінен қолданады. Осыған байланысты балалардың медиаға деген қызығушылығының артуына бұқаралық ақпарат құралдарының олардың психикасына әсер етуінің өзекті мәселесі туындады.

Ата-аналар көбінесе балаларының қандай мультфильмдер мен бағдарламаларды көретінін, қай ойындарды ойнайтынын елемейді. Бала кезінен бастап олар теледидар, интернет, радио және басқа да ақпарат құралдарымен қаныққан «сүзілмеген» ақпараттың тұрақты ағынына ұшырайды. Бұл ағын балаларға сіңіретін «тәлім-тәрбиені» ата-анадан гөрі көбірек береді, ал балалар сіңіріп жатқан ақпараттың мағынасын біле бермейді. Сондықтан мұның баланың әлі қалыптаспаған психикасына әсерін болжау қиын. Көптеген ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдарының баланың жеке басының қалыптасуына, оның психикасы мен санасына әсері туралы айтады.[5]

Бұқаралық ақпарат қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады және оны кез-келген жастағы адамдар кеңінен қолданады. «Масса, массивтілік» терминдері ақпараттың үлкен, орасан зор, мағыналы таралуын білдіреді. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының жалпыға қолжетімді және маңызды сипатқа ие екендігін көрсетеді.

Теледидар, радио, интернет, газеттер мен журналдар кең тарату құралы ретінде қызмет етеді. Олардың ішінде теледидар мен интернет балалар арасында ең танымал және олардың психикасына қатты әсер етеді.

Әлеуметтік факторлардан басқа балалардың психикалық дамуына биологиялық факторлар да әсер етеді. Адамның психикалық қалыптасуы құрсақта басталады. Ми қыртысының дұрыс жұмыс істеуі және жоғары жүйке қызметі адам үшін сол кезден маңызды рөл атқарады. Алайда мидың дамымауы немесе жарақаттануы қалыпты психикалық жағдайды бұзуы мүмкін.[6]

Осылайша, биологиялық факторлар баланың психикасының дамуы үшін маңызды, бірақ әлеуметтік орта шешуші рөл атқарады. Баланың даму процесінде алатын әлеуметтік тәжірибесі оның психикасы мен жеке ерекшеліктерін қалыптастырады. Әлеуметтік ортада мінез-құлық нормалары, жақсылық пен жамандық туралы идеялар, әлеуметтік қатынастардың модельдері, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, діни нанымдар және әлеуметтік-саяси жағдай бар.

Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді. [7]

Отбасындағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Бүгінгі күні күнделікті күйбеңмен, қу тірлікте жүріп бала тәрбиесін санасынан сырт қалдырған ата-аналар да бар.

Кибертерроризм немесе компьютерлерге, оларда сақталған ақпараттарға заңсыз шабуылдар мен шабуыл қатері үкіметті немесе халықты қорқыту не саяси немесе әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге мәжбүрлеу үшін жасалады. Кибертерроризм қаржылай көмектің арқасында ұйымдастырылған белгілі бір идеологиялық

бағдарламаның аясында қызмет еткенімен, насихаттың бір түрі болып саналады. Балаларды қорғау бұл – ең алдымен, балалар өмірін, оның құқықтарын, пікірі мен дін бостандығын қорғау. Оны күш көрсетуден, зорлық-зомбылық жасаудан және психологиялық жәбірлеуден қорғау.[8] Балалар еңбегін қанаудан қорғау. Баланың білім алуына, демалуына, бос уақытын тиімді пайдалануына құқығы бар. Адамгершілігі мол ұрпақ өсіріп, әділетті де өркениетті қоғам қалыптастырғымыз келсе, біз, үлкендер, осы мәселелерді ескеруіміз тиіс.

Отбасындағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Бүгінгі күні күнделікті күйбеңмен, қу тірлікте жүріп бала тәрбиесін санасынан сырт қалдырған ата-аналар да бар.

Кибертерроризм немесе компьютерлерге, оларда сақталған ақпараттарға заңсыз шабуылдар мен шабуыл қатері үкіметті немесе халықты қорқыту не саяси немесе әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге мәжбүрлеу үшін жасалады. [9] Кибертерроризм қаржылай көмектің арқасында ұйымдастырылған белгілі бір идеологиялық бағдарламаның аясында қызмет еткенімен, насихаттың бір түрі болып саналады.

Қорытынды

Ақпараттық технологияның өсу қарқынына орай, цифрлы сауаттың маңызы арта түспек. Шығармашылыққа деген әлеуметтік сұраныс дезинформация мен манипуляцияны қаруға айналдырған жаңа экономика мен саяси білім деңгейіне орай өсе бермек. Бізге цифрлы сауат не үшін керек? Адамзат қоғамы ұзақ уақыт бойы «Мен ойлай аламын, яғни өмір сүремін», - деген Декарттың идеясымен өмір сүріп келсе, бұдан былай бұл парадигма «Мен интернетті толық меңгердім, яғни кез-келген ақпаратқа қол жетімді жағдайда өмір сүремін», - деген идеямен алмасты. Интернет өмірдің негізгі мәніне айналған; техникасы дамыған қоғамда балалардың 90%-ы уақыттарын әлеуметтік желіде өткізетін; құндылықтар репрезентативті идеяға айналған әлемде медиа мен цифрлы құзыреттілік қоғам өміріне араласуға мүмкіндік беретін білім берудің, азаматтық тәрбиенің, қажетті «сауаттың» мәселесіне айналды.[10]

Дәл осы себепке байланысты өмірімізге дендеп еніп жатқан Web 3.0 дәуірінде уытты дәрі ретінде және айналаны түсініп, ұғуда сергектік таныту үшін медиасауат қажет. Цифрлы сауатты дамыту – күрделі процесс. Бұл құбылысқа қатысты бар сауалдардың бәрін қамтитын ортақ құрылым немесе үлгі болмай тұр. Күмәнді ресурстардан сенімсіз деректерді айқындай алу дағдысы цифрлы сауаттың өзегі. Жергілікті және мемлекеттік бастамалар жаңа коммуникациялық технологияларды меңгеруде жалпы анықтаманы нақтылаудан әрі аса алмай отыр. Цифрлы революцияның гуманитарлы қуатын ескере отырып, демократияны дамыту үшін азаматтардың цифрлы қоғамға араласуын ұлғайтуға мән берген жөн.

Ойымызды қортындылай келе төмендегідей ұсыныстарды келтіре кеткенді жөн көрдік: Журналистика факультеттерінде оқу бағдарламасының аясында әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді ақпарат таратудың жеке бір платформасы

ретінде қарастыру және зерттеу қарастырылса; Мультимедиялық журналистика бағдарламаларында осы платформаларды, соның ішінде олардың аудиториясының, оның ішінде жасөспірімдердің медиатүтіну ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі таңдағы басты мәселенің бірі болып отыр.

Балаларды қорғау бұл – ең алдымен, балалар өмірін, оның құқықтарын, пікірі мен дін бостандығын қорғау. Оны күш көрсетуден, зорлық-зомбылық жасаудан және психологиялық жәбірлеуден қорғау. Балалар еңбегін қанаудан қорғау. Баланың білім алуына, демалуына, бос уақытын тиімді пайдалануына құқығы бар. Адамгершілігі мол ұрпақ өсіріп, әділетті де өркениетті қоғам қалыптастырғымыз келсе, ең алдымен осы айтылған проблемалардың алдын алу жолдарын шұғыл қолға алуымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Anderson, K.A., and Bushman, B.J. The impact of violent video games on aggressive behavior, aggressive cognition, aggressive affect, physiological arousal, and prosocial behavior: a meta-analytical review of the scientific literature. *Psychological Science*, – 2001. 12 (5), P. 353-359.
2. Gentile D. A. and Stone V. The impact of violent video games on children and adolescents: theory, research, and public policy. Oxford University Press. – 2005.
3. Rideout, V., and Robb, M. B. The Census of Common Sense: the use of media by teenagers. *Common sense media*. – 2019.
4. Strasburger V. S. and Wilson B. J. Children, teenagers and the media. Sage publications. – 2009.
5. Valkenburg, P. M., & Peter, J. A model of differential susceptibility to media effects. *Journal of Communication*, – 2013. 63(2), 221-243.
6. Smith, A. "The Rise of Kid Reporters: How Children Are Shaping the News." *The New York Times*. [Electronic resource] – 2018. URL: <https://www.nytimes.com/2018/11/29/reader-center/children-kid-reporters-news.html> (Accessed: 21.02. 2024)
7. O'Neill, J. "The Importance of Child Journalists in Today's Media Landscape." *Huffington Post*. [Electronic resource] – 2019. URL: https://www.huffpost.com/entry/the-importance-of-child-journalists_b_9224938 (Accessed: 21.02. 2024)
8. Drotner, K., & Livingstone, S. "The International Handbook of Children, Media and Culture." SAGE Publications Ltd. (Eds.). – 2008.
9. Levin, D., & Kilbourne, J. "Children, Adolescents, and Media: The Future of Research and Action." *Routledge*. – 2016.
10. Hobbs, R. "The Handbook of Children, Media, and Development." *Wiley-Blackwell* – 2004.

К.Д. Асанов

Карагандинский университет им. Е. А. Букетова, Караганды, Казахстан

Влияние средств массовой информации на психологию детей и подростков

Аннотация. Данная статья исследует влияние массовой информации на психическое состояние детей. Рассматриваются различные типы медиа-контента, такие как телевизионные передачи,

интернет, социальные сети и видеоигры, и их потенциальное воздействие на эмоциональное и психологическое развитие детей. Анализируются факторы, которые могут усиливать или смягчать отрицательное воздействие медиа, такие как семейная поддержка и образовательные программы. Представлены рекомендации для родителей, педагогов и создателей контента с целью обеспечения здорового психологического развития детей в цифровую эпоху. В статье рассматриваются также позитивные аспекты медиа-контента, такие как образовательные и развивающие программы, которые могут способствовать когнитивному и социальному развитию детей. Особое внимание уделяется тому, как медиаграмотность и критическое мышление могут помочь детям справляться с негативными воздействиями и использовать медиа в своих интересах. В результате исследования предлагаются стратегические подходы и практические советы для создания благоприятной медиасреды, способствующей гармоничному развитию и благополучию детей.

Также приведены конкретные примеры того, как длительный просмотр телевизионных программ, фильмов, в которых происходят насильственные процессы, слишком много времени, проведенного в социальных сетях, и использование видеоигр с агрессивным содержанием, просмотр видео с таким же содержанием может привести к увеличению проблем с агрессией, тревогой и раздражительностью у детей и подростков.

Ключевые слова: Мультфильмы, интернет, подростковая психология, медиа-текст, телепередачи, социальные сети, видеоигры, когнитивное развитие, медиаграмотность.

K.D. Asanov

Karagandy State University named after E.A. Buketov, Karagandy, Kazakhstan

The influence of mass media on the psychology of children and adolescents

Abstract. This article explores the impact of mass media on children's mental states. Various types of media content, such as television programs, the internet, social networks, and video games, are considered, along with their potential effects on children's emotional and psychological development. Factors that may amplify or mitigate the negative impact of media, such as family support and educational programs, are analyzed. Recommendations are provided for parents, educators, and content creators to ensure the healthy psychological development of children in the digital age. The article also examines the positive aspects of media content, such as educational and developmental programs, which can contribute to children's cognitive and social development. The article focuses on how children can use media to their advantage and cope with negative influences through media literacy and critical thinking. The research proposes strategic approaches and practical advice to foster a favorable media environment that fosters children's harmonious development and well-being.

There are specific examples where long-term exposure to violent television programs and movies, excessive time spent on social networks, use of video games with aggressive content, and watching videos with similar content can exacerbate aggression, anxiety, and anger issues in children and adolescents.

Keywords: Cartoons, internet, adolescent psychology, media text, television broadcasts, social networks, video games, cognitive development, media literacy.

Автор туралы мәлімет:

Асанов К.Д. – Филология ғылымдарының докторы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ профессоры. Қарағанды, Қазақстан.

Asanov K.D. – Doctor of Philological Sciences, Professor of Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan.





ХҒТАР 19.41.07

Ғылыми мақала

[DOI:https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-106-121](https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-106-121)

Қазақстан ақпарат кеңістігіндегі ұлттық-этникалық қақтығыстардың жазылуы

Д. Қастай¹ , Қ. Башанова¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹dastan.kastay@gmail.com, ¹kuralai.bashanova@mail.ru)

Аңдатпа. Бүгінгі күннің басты талабы – қоғамдағы жалаң догмалар мен тарихи саясат негізінде қалыптасқан этикалық және психологиялық проблемаларды оңтайлы шешуде, ұлттық саясатқа қарсы жүргізілген қасаң ұстанымдардың күшін жоюда, бірегей қоғам қалыптастырып, ауыспалы қоғамдық санадан бірегей ұлттық санаға өтуде масс-медиа функцияларын сауатты пайдалануда жатыр, адам өмірі мен еркіндігін күн тәртібінің бірінші сатысына қоя отырып қоғамдық сананы трансформациялау.

Зерттеу мақаласында отандық медианың қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуі, азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға әсері айқындалады. Техникалық прагматизмнің журнализм саласында кең қолданылуы сөз етіліп, жаңа медиа бойынша ізденіс жүргізген бірқатар зерттеушілердің еңбегі таразыланады. Мұндағы негізгі ойлар ұлттық сананы жаңғырту қадамдарын нақтылауға, басқару институттарының заман талабына сай қазақстандық әлеуметті жіті тануына, социумның демократия қағидаларына сай бағдарлануына ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми тұжырымы – Қазақстандағы бұқаралық коммуникация қызметінің тәуелсіздік алған жылдардан кейін ұлттық саясат пен шынайы қоғамдық қатынастардың қалыптасу, даму немесе тоқырау үрдісіне әсерін бағалау, қазақ халқы мен өзге диаспоралардың арасындағы консолидациялық қадамдарды жүргізудегі отандық бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды бағыттарына баға беру, этникалық конфликттер кезіндегі дәстүрлі және азаматтық журналистиканың амал-әрекетін ғылыми-теориялық тұрғыдан сараптау. Сонымен қатар, радио, телевизия және газет-журналдар мен жаңа масс-медиа құралдарындағы «дискриминация элементтері», «этникалық эгоизм», «әлеуметтік қақтығыс» нышандарын тап басып, ғылыми айналымда санама-лау.

Түйін сөздер: БАҚ, коммуникация, медиаконтент, әлеуметтік медиа, медиасауат, медиаэтика, ақпараттық бэкграунд

Кіріспе

Бұқаралық ақпарат құралдары – адамзаттық игіліктер мен қоғамдық құндылықтарды қорғайтын әлеуметтік алаңның күрделі құрылымы, социум қажеттіліктерін сипаттайтын жанды жүйе, демократия заңдылықтарын нығайтушы тәцелсіз институт. Бұған қатысты әлеуметтік ғылымдар саласындағы бірқатар іргелі зерттеулердің авторы Герберт Маршалл Маклюэн: «Бұқаралық ақпарат құралдары адамзат қоғамы мен адам іс-әрекетінің ауқымын, формасын анықтайды және бақылауда ұстайды», – деген пікір айтады [1, 87 б.]. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық санаға ықпал ету құбылысы бұрыннан бар. Бұл күндегі бұқаралық ақпарат құралдарың дамып, ақпарат тарату қызметіндегі техникалық мүмкіндіктердің жетілдірілуі бұқаралық сананы басқару ауқымын да едәуір кеңейтті [2, 20 б.].

Қазіргі ақпараттық-техногенді кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары «гипербелсенділікпен» жиі ауысатын адамзаттық жетістіктерді, заманауи таным-түсініктерді, қоғамдық құбылыстарды, күллі адамзатқа тән проблемаларды, жаңа саяси бағдарлар мен ортақ мүдделерді адамзаттық санаға орнықтыруда жетекші рөл атқарады. Масс-медиа адамдардың жеке өміріне тікелей араласып, динамикалық әрі мақсатты түрде жаһандық өмір тәртібін қалыптастыра бастады.

Классикалық, дәстүрлі масс-медиа коммуникациясына қарағанда қазіргі модерн бұқаралық ақпарат құралдарының айтарлықтай ерекшеліктері бар. Олар: бейімділік (mobility), жылдамдық (efficiency), ақпарат ауқымдылығы (inclusiveness), аудиториямен өзара байланыса отырып хабар таратудың жаңа мүмкіндіктеріне жол табуы (innovation). Конвергентті қауымдасудың нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдары тарататын өткір тақырыптардың қоғамның кез келген әлеуметтік топтарына өтімділігі артты.

Қазіргі бұқаралық ақпарат коммуникациясы немесе масс-медиа әлеуетін төмендегідей жіктеуімізге болады. Қазіргі масс-медианың әлеуметтік қасиеттері:

- а) жаһандық құбылыстарды зерделеп отырудың дерекнамасы;
- ә) әлемдегі болып жатқан санқилы жағдайға қатысты таным қалыптастыру мен адамзаттық дағдарыстарды шешудің тиімді тетігі;
- б) пандемия мен саяси-этникалық қақтығыстар кезінде электронды санатта ақпарат алу мен білім алудың, әлеммен тікелей байланыс құрудың қайнар көзі;
- в) өмір сүру ұстанымдарын белгілеу мен қоғамдық пікірді, жалпыхалықтық мәдениетті, тың дүниетанымды қалыптастырудың басты факторы;
- г) азаматтық қоғамның қалыптасуын ілгерлетуші құрылым;
- ғ) демократия заңдылықтарын орнықтыруда электронды әлеуметтік алаң ұсынушы инновация (әлеуметтік медиа техникалық-шығармашылық мүмкіндіктер ұсына отырып, демократиялық қағидаларды орнықтырады);

Отандық бұқаралық ақпарат құралдарында соңғы жылдары әлеуметтік ізденістер жиі орын алып, олардың саяси-заңнамалық, қаржылық-экономикалық ерекшеліктері көзге іліге бастады. Әлеуметтік тақырыптардың кез келгенді, алдымен, ұлттық саясат, ұлттық кемел мемлекет қалыптастыру, мемлекеттік идея топырағынан көктеп, тұрмыстық келеңсіздіктер, аудиторияның арыз-шағымы, журналистердің өмір шындығын ашық

та дәл сипаттауымен өрнектеледі. Соның ішінде бұқаралық коммуникацияның мәдениетаралық, әлеуметтік, ұлтаралық, этникааралық байланыстарға, әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы қарым-қатынасқа ықпалын зерттеу бірқатар қоғамдық-саяси құбылыстарды тереңінен толғауға, этникалық қақтығыстарды бұқаралық ақпарат панорамасында толық қарастыруға жол ашады. Қазақстан қоғамындағы түрлі кикілжіңдердің себептерін, зардаптары мен ұлттық бірегейлігімізге бөгесін болар тұстарын бұқаралық коммуникация қызметіне, отандық ақпарат галереясына, этникалық қақтығыстарға қатысты ақпараттардың контекстіне қарай отырып зерттеу арқылы саяси-әлеуметтік шешімдердің өміршеңдігі мен практикалық өтімділігін бағалап, ұлттық идеямыздың мән-маңызын анықтай аламыз.

Сондықтан БАҚ контенттерінің деректік қоры, журналистердің шығармашылық-техникалық ізденістері, әлеуметтік мәселелердің көтерілу, зерттелу сипаттамасы мен оң шешімін табу нәтижелігі, этникааралық қақтығыстардың ушығуы мен бейтараптануына әсері, ақпараттық өнімдердің заманауи формасындағы «ұлт пен диаспора» мәселесі мен оны ұсынудың әдіс-тәсілдері ұлттық қоғамның және отандық бұқаралық ақпарат құралдары панорамасында толық қарастырылуы тиіс.

Зерттеу әдісі

Бірқатар ғалымдар ақпараттық жүйені әлеуметтік эволюцияның, адамзаттық орта дамуының қозғаушы күші ретінде қарастырады. Н. Луман, Ю. Хабермас сынды ізденушілер коммуникация теориясы тұжырымдамаларын постиндустриалды қоғам теориясымен тығыз байланыстырады. Демек, қоғамдық даму заңдылықтары ақпараттық құрылымның қызметі мен сапасына, «айтары мен жазарына» қарай бағаланады. Сайып келгенде, прогресс дегеніміз – білім беру ісі, әлеуметтік құрылымдардағы ақпарат алмасу жылдамдығы, басқару жүйелерінің ресурстарды пайдалану деңгейімен сараланады [3]. Сол себептен, әлеуметтік құбылыстар мен социологиялық теория принциптерін ізденіс барысында естен шығармаған дұрыс. Біздіңше, ақпарат арналары мен масс медиа қызметін талдаудың тиімді әдісі – типологиялық сараптама.

Типологиялық сараптама – әлеуметтік объектілерді (немесе құбылыстарды) зерттеу әдістерінің жиынтығы. Бүгінгі бұқаралық ақпарат табиғатын зерттеушілердің көбі масс медиа жүйесін модельдеу мақсатында типологиялық анализге жиі жүгінеді. Бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінің типологиялық моделін екі категорияда қарастыруға болады. Оның бірі – БАҚ-ты әлеуметтік институт есебінде зерделейді. Біздің зерттеу жұмысымызда масс медианы қоғамдық құрылымды реттеуші, ұлттық бірегейлік пен этносаралық татулықты сақтаушы ұйым ретінде қарастыруға да, этникалық қақтығыстардың ұшығуына түрткі болған ақпараттық фактор есебінде де қарастыруға негіз бар. Мұндай қадам заманауи БАҚ-ты тұтас қамтыса, екінші категория бұқаралық ақпарат құралдарын ішінара, жекелей зерттеуге ден қоямыз [4].

Мұнымен қоса алғанда, әлеуметтік келеңсіздіктерді көтеретін бағдарламалар мен мақалалар талданды. Әлеуметтік желі контенттеріне сараптама жасалып, олардың ақпараттық мазмұны, құрылымы мен контекстері сарапқа салынды. Баспасөз

беттеріндегі мақалалар мен масс медиадағы этникалық қайшылықтарға қатысты тақырыптар жинақталып, олардың сын-сипатына академиялық тұрғыдан баға берілді. Журналистиканың бірқатар функциялары ескеріле отырып, ақпараттық жарияланымдардың мазмұнына маңыз танытылды.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Бұқаралық коммуникация құралдарының антропогенді, саяси экономикалық, биологиялық, социологиялық құбылыстардың қозғалысына қозғау салатынын нақ байқаған канадалық әлеуметтанушы М. Маклюэн электронды дәуірдің заманауи бедеріне бірқатар анықтамаларды теледі. Ғалым конвергенция анықтамасына ұқсас «имплозия» терминін қолданады (ішке бағытталған жарылыс, құлау).

Имплозия – әр түрлі процестер арасындағы терезелерді теңестіру. Ғалымға сенсек, бұл ерекшелік жаһандану процестерін жандандырады, жергілікті ақпараттық құрылымдарды біртүптендіреді, уақыт кеңістігінде біркелкі ақпараттардың жарық көруімен сипат алады [5]. Канадалық зерттеуші («Understanding Media» кітабында мынандай тармақтар бар) тіл біліміндегі «имплозия» ұғымын алып, қазіргі әлемді түсіндіретін маңызды термин ретінде бағалайды. Яғни, әлемдік кеңістікті игерудің негізгі тәсілі «эксплозия» («сырттағы жарылыс» сияқты), «сыртқы кеңейту» және ондаған жылдар бойы адамның іс-әрекеті (оның ішінде оның санасының жұмысы) негізінен «импловивті» болады деп сипаттайды. Адамзат өмірінің ең толық импловивті қалыптасуы М.Маклюэн енгізген «жаһандық ауыл» ұғымына сәйкес келеді, бұл – қазіргі әлемді жаһандық мәселелердің жиынтығы ретінде түсінуді білдіреді. Маршал Маклюэн айтқан құбылыстың пандемия кезеңінде жарық көрген тұрмыстық зорлық-зомбылық, кейінгі әлемдегі этникалық-саяси қақтығыстар, ұлтаралық кикілжің тақырыптарына тікелей қатысы бар. Себебі журналистер масс-медиа этикасына сүйене отырып, теңсіздікті тұқыртуға, адам құқығы мен өркениет жетістіктерін сақтауға, ортақ құндылықтарды қорғауға маманданады. Жаһандық конвергенция – маңызы бар медиа-контенттің халықаралық айналымға түсуі, әлем болып шешілуі тиіс түйіткілдердің масс медиа арқылы таратылып, дабыл қағылуы, адамзат баласы шешуі тиіс ортақ қиындықтардың ақпараттық мазмұны.

Біздіңше, әлеуметтік-тұрмыстық проблемалардың жандануына әсер ететін бірнеше нақты факторлар бар. Оның себебі мен салдарын бұқаралық коммуникация өнімдеріне, қоғамдық механизмнің «сыр берген» тетіктерін ашып жазған журналистердің сараптамаларына көз жүгіртіп отырып-ақ нақтылап алуға әбден болады. Демек, экономикалық қиындықтар, адам денсаулығына қауіп-қатердің төнуі, биологиялық-антропогенді өзгерістер, саяси күрделі ахуалдар, т.с.с. факторлар тұрмыстық сана мен тұрмыс-тіршілік коммуникациясына ықпал етпей қоймайды. Ғалым, журналистика коммуникациясы мен әлеуметтік-саяси институттардың байланысын зерттеп жүрген ізденуші В.Ю. Малугина өз еңбегінде қоғамның әлеуметтік әл-ауқатына экономикалық, биологиялық, биосаяси оқиғалардың тікелей әсер ететіндігін растайды [6, 179 б.]. Журналистика ғылымының ізденушісі, М.А. Бережная өз еңбектерінде әлеумет пен журналистиканың көп функциялы байланысын ерекшелеп, оның теориялық

анықтамасын тарқатады. Өз сөзінде ғалым бұл құбылысты: «Мұның бәрі әлеуметтік жағдайдың жақсаруына ықпал ететін немесе оны ушықтыратын белгілі бір ақпараттық фондағы әлеуметтік тақырып жарияланымдарының жиынтығы» [7, 34 б.], – деп түсіндіреді.

Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік тақырыптардың ішіндегі ең күрделі бағыттардың бірі этникалық қақтығыстарға нақты зерттеу, терең талдау арқылы көз салғанда ғана мәселенің мәніне жетуге болады. Көбінесе, мұндай әлеуметтік мәселелердің мәні ашық, дәйекті түрде айшықталмағандықтан әкімшілік құрылымдар және құқық қорғау ұйымдары этникалық қақтығыстар мәселесін жылы жауып, оны тұрмыстық кикілжің оқиғасы» сынды жеңіл түсініктемемен ақтап алуға тырысады. Журналистика өмір шындығынан туған құбылыстарды сипаттайтынын ескерсек, елімізде болған этникалық қақтығыстардың себеп-салдары отандық медиа алаңында кеңінен талқыға түсуі керек.

Журналист маманның әлеумет алдындағы жоғарғы жауапкершілігі, сараптамаға бейім санасы, кәсіби шеберлігі қашанда маңызды. Журналист қызметінің тиімділігіне ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Мәселен, ішкі факторларға шығармашыл маманның, кәсіби журналистің тұлғалық сипаты мен қоршаған ортасымен коммуникацияға түсуі, әлеуметтік топтар және қоғамдық элементтермен байланысқа түсуінен субъективті сипатта өрбісе, журналист қызметінің өнімді болуының сыртқы факторымен, яғни социумның саяси, әлеуметтік және экономикалық спектрімен тығыз байланысты. Әлеуметтік ортадағы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің сыртқы жіктеліміне:

1. БАҚ пен журналистің конституциялық-құқықтық қызметі;
2. Нақты тарихи және қоғамдық-саяси жағдаяттар;
3. Елдің, өлкенің, аудан-аймақтың социомәдени дамуы, қоғамның ақпараттық және саяси мәдениетінің деңгейі;
4. Қоғамның БАҚ жүйесіне қолдау көрсету мүмкіндігін анықтайтын әлеуметтік-экономикалық жағдай жатады [8, 103 б.].

Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынасты зерттеуші Ю. Хабермас азаматтық қоғамның әртүрлі бірлестіктерінің арқылы өмір тәртібінің жаңа формасын қалыптастыратындығын дәлелдеді. Демек, қоғамдық саланың немесе қоғамдық кеңістіктің арқасында азаматтар белгілі бір саяси қоғамдастыққа жататындығын саналы түрде ұғынып, одан туындайтын өз рөлін орындай алады, өз пікірлерін білдіре алады және өзекті мәселелер бойынша пікірталастарға қатысады. Бұл қадамдарды атқарудың балама және тіке жолдарын бөліп айтуға болады. Жоғарыда айтылған қауымдастықтардың (біздің түсінігімізде этниканың) қоғамдағы өз рөлі мен құқын, мемлекеттік тұтастыққа қосар өз үлесі мен ұлт ретіндегі ерекшеліктерін, проблемаларын БАҚ-қа жүгіну арқылы айқындай алады. Себебі, журналистиканың сипаты – өмір шындығы [9, 89 б.]. Бұқаралық ақпарат құралдары еліміздегі тұтастық пен мемлекет құраушы ұлт және оның төңірегіне топтасқан этниканың ортақ, мемлекеттік құндылықтарын қалыптастыру жолында мынандай белгілерді назарға алуы тиіс:

- адамның өмірге және еркін қызметке табиғи құқығы сақталады;

- заңның үстемдігі және барлық азаматтардың оның алдындағы теңдігі мойындалады;
- қоғамдық ақпараттандырудың демократиялық принциптері қадағаланады;
- биліктегі саяси ұстанымдардың реформалануы және құқықтық мемлекеттің құрылуы туралы ереже көпшілік келісім аясында дайындалғандықтан, журналистика қызметі көпшіліктің мүддесіне келгенде жан-жақты ұстанымға ден қояды (көптің көзқарасымен, пікірімен, сөзімен тармақталады);

Сенсація қуу мен «жалынды ақпараттарды» жариялау жолында бұқаралық ақпарат құралдары жалпы көпшіліктің этника-психологиялық күйіне арқа сүйейтіндігі байқалады. Эмоцияға толы, лепессіз, айтақтау мен айдап салуға үндейтін қызба хабарламалар бұқаралық ақпарат құралдарының динамикасын кеңейтеді. Негізінен алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы этникалық қақтығыс мәселелерін сипаттауда кезеңдік өзгерістер мен ерекшеліктерді аңғаруға, көруге болады. Мысалы, 1990 жылдардың басы мен 2000 жылдардың ортасында этникалық қақтығыстарды сипаттау тәсілдері айтарлықтай өзгерген. Бұл кезден басталатын ақпараттар легі адамның ішкі жан дүниесіне қатты әсер етуді негізге алғандай. Қоғам эмоциясына әсер ету арқылы олар бірнеше мақсатқа жетуді көздейді. Оның бастысы – этникалық қақтығыстардың негізгі қатысушылары мен ұйымдастырушылары алауыздықты сол қоғамды қатаң бақылауда ұстауға пайдаланады [10].

Тағы бір жағдайда, мұндай қақтығыстардағы әлсіз тарап саналатын адамдар тобы сол қақтығысты «әлеуметтендіргісі» келеді. Яғни, қоғамның көкейтесті мәселелерін алға тартып, ел назарына шығаруға талпынады. Сол арқылы өз жақтаушыларының санын арттырып, жеке мүддесіне жетуде аудитория әлеуетін пайдалануға, күрес барысында өзін жақтаушылардың санын арттыруға талпынады. Ал күшті тарап болса, ұлт аралық қақтығыстарды «жекешелендіруге» ұмтылады, яғни қақтығысқа қатысты қоғам назарын азайтуға немесе қақтығыс туралы адамдарды құлақтандыруды тоқтатуға, оқиғадан хабардар болуын шектеуге тырысады. Екі жағдайда да қақтығыс әлеуетінің жоғарылауы, шарықтауы ықтимал. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің мұндай қарама-қайшылықтың өршуіне ықпал еткенін тарихи хроникаға зер сала отырып сөз еткен дұрыс. Сөзімізге айқын дәлел – Балқандағы бұқаралық ақпарат құралдарының әрекеттері. Әр тарап, сербтер де, хорваттар да өз халқы арасында «біз оларға қарсымыз» деген ойды насихаттады. Бұл уақытта БАҚ этникалық шиеленістің жалынын тұтандырудан басқа, азшылықтың, аз топтардың, объективті көзқарастарын білдірмей, бітімгершілік әрекеттерге кедергі келтіргені үшін де кінәлі болды. Мұндай қақтығыс кезінде журналистиканың екі функциясы аса маңызды. Олар: журналистиканың ұйымдастырушылық және реттеуші функциясы. Дегенмен, бұқаралық байланыс құралдары толеранттылықты, бейбітшілікті және келіссөздерді жақтайтындарды жазғанымен, бірақ Белградта соғысқа қарсы шыққандарды «сатқын» деп жарияланды [11]. Мұндай контрасты, қарама-қайшы әрекеттер әлемдік ақпарат агенттіктерінде жиі ұшырасады. Балқандағы оқиғаға сүйене отырып «Демократиядағы БАҚ» институтының негізін қалаушы Кемаль Курсахич кейбір ұсыныстарын тілге тиек етті. Бұл ұсыныстар БАҚ пен этникалық мәселелер арақатынасының соқталы тұстарын нақ көрсетеді. Сондықтан, ұсыныста айтылған сөз еркіндігі, бейтараптық мәселесі және шынайы ақпарат пен қоғамдық институттар қызметінің БАҚ арқылы жүйеленуі аса маңызды.

Қазақстан қоғамында да этникалық ұлттар мен мемлекет құраушы ұлт – қазақтардың жалпыхалықтың талап-тілегі ескеріле бермейді. Көбіне мұндай қағидалар әлеуметтік желі арналары қолданушылары мен блогерлер, азаматтық журналистер тарапынан бұзылады. Қоғамдық пікір жетекшілері журналистер ұстаханасына тән оқиғаның мән-жайына бойлау, оқиғаға қатысқан бірнеше тараптың арыз-шағымына құлақ асу, журналистика функцияларына сүйене отырып, ақпарат алудың әдістеріне жүгіну (дөңгелек үстел ұйымдастыру, сұхбат құру, әңгіме-дүкен жанрына иек арту, ашық деректерді жинақтау, сарапшыларға жүгіну, кейіпкерлерді пікірсайысқа тарту, т.б.). Сонымен қатар, қақтығыстар мәселесінде әлеуметтік желілердің үлкен күшке ие екендігін ұмытпау қажет.

Көп жағдайда әртүрлі саяси топтар бұқаралық ақпарат құралдарына жүгіне отырып басқа этникалық топтарға қауіп төндірді, басым ұлт азшылыққа «әлімжеттік» көрсетеді, нәтижесінде адамзаттық біртұтастық заңдылықтары сетінейді, елдің, мемлекеттің бірлігіненұқсанкеледі. Кейбір топтар өзінің саясиарман-мақсатынжүгеге асыру жолында ұлттар арасындағы біртұтастықты жоққа шығарады. Татулық пен ұлтаралық үйлесімді поляризацияланған саяси ортаға әкеледі деп айыптайтындар да табылады. Әлеуметтік медиада әртүрлі топтарды жоюға үндейтін зорлық-зомбылық ашық насихатталып та жатады [12]. Кейбір саяси топтар билікті уысынан шығармау үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пропаганда құралы ретінде асқан шеберлікпен пайдаланады. «Русский мир», ТМД-дағы «Орыс әлемі», «Бұл біздің жеріміз» және жиі айтылатын «Территория Казахстана – это большой подарок со стороны России» сынды ұраншыл-айқайшыл мәлімдемелердің астарында ұлттық мүдде емес, белгілі бір топтардың билікті уысынан шығарып алмауға қатысты сойқан саясаты ғана жатыр.

Ғалымдарәлеуметтікжелідегізорлық-зомбылық, әлімжеттік пен қақтығыс деректерін «ұлғайтқыш әйнек» арқылы насихаттаудың өзіндік ауыр салдары болатынын айтады. Мұндай әрекеттер азаматтық соғыс кезінде өте қауіпті, өйткені қақтығыс жаппай қатыгездік пен геноцидке айналуы мүмкін. Дэвисон жеккөрушілік саясатын «сәтті жеткізу» мүмкіндігі бірқатар факторларға, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауға байланысты деп болжайды [13, 13 б.]

Қазақстан қоғамы – дәстүрлі құндылықтар мен модернизацияның қатар келген нүктесі. Елімізде шетел және отандық масс-медиасының ықпалымен дәстүрлі қоғам құндылықтарын сақтап, кейде жоққа шығарып, жаһандық талаптарға сай модернизациялау үрдісі жүзеге асып келеді. Қоғамда ақпарат үлесінің артуымен азаматтық қоғамның ерекшеліктері де көрініс таба бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдың жетекші институт екендігін ескерсек, ашық ақпараттық қоғам арқылы халық салт-санасы трансформацияланып отырғанын көреміз. Бұған қатысты Қазақстан президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Черных мынандай пікір айтқан: «Саяси-идеологиялық салада қоғамдық санаға либералды-демократиялық құндылықтар енгізіле басталды. Адамдар өздерінің саяси құқықтары мен бостандықтарын біліп қана қоймай, оларды бұзылған жағдайда саналы түрде құқықтық тұрғыдан қорғауға дайын бола бастады. Бұл процесс әлі күнге жалғасып келеді. Өйткені, біз елімізде жеке тұлға, оның қауіпсіздіктері мен

құқықтарын қазіргі қоғамның басты құндылығы деп білетін саяси және әлеуметтік-экономикалық тәжірибе қалыптасты дей алмаймыз. Біз әр азаматтың өз таланты мен мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы жағдай туғызу кезеңінде тұрмыз» [14].

Ұлтаралық қатынастарды реттеу саясатының мынандай міндеттерін атап айтуға болады:

- бір немесе бірнеше этностар тұратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық қуатын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;
- әрбір этностың мемлекет дамуына ат салысуын қамтамасыз ететін, құлшынысын арттыратын ортақ бағдарлама құру;
- ұлт пен оны құрайтын этникалық топтардың мүдделерін ортақ қоғамдық идея аясында үйлестіру;
- демократия және плюрализм қағидаттары негізінде орталық және жергілікті басқару органдарының тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету, этно-географиялық өңірлерде өзін-өзі басқару моделін әзірлеу;
- тіл мен мәдениеттің еркін дамуы, титулды халықпен тең дәрежеде этностар жайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- әкімшілік-аумақтық мәртебесі жоқ мәдени-этникалық қауымдастықтардың құқықтық кепілдіктерін нығайту;
- қоршаған ортаны сақтау, этностардың, оның ішінде саны аз этностардың қалыпты дамуы үшін жасалатын жағдайларды арттыру, бағдарламаларды, іс-шараларды жүзеге асыру, депортацияланған этностарды әлеуметтік-саяси оңалту мен мемлекеттік саясатқа бейімдеу. Осы орайда Қазақстан қоғамы мен интеллектуалдары адам құқықтары, адамның денсаулығын сақтау құқығы, әділдік, әлеуметтік әділдік, әлеуметтік этнос, қоғамдық мораль, ортақ игілік сияқты мәселелер мен концепциялар дискуссиясына белсендірек ат салысуға тиіс.

БАҚ-тағы әлеуметтік проблемаларды өзектендіру үшін таңдап алынған тақырыптарды циклды сипатта жариялаған жөн. Мұндай ақпараттарды жұмыс тәртібіне енгізу арқылы, ұдайы бақылауда, назарда ұстау арқылы оң шешімін табуына ықпал етуге болады. Дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекетшілдік идеясы, біздіңше, жетесіне жеткізе насихатталмай келеді. Кез келген БАҚ-та нақты әлеуметтік, ұлттық-этникалық проблемаға қатысты ақпаратты берудің ырғақтылығы, қарқындылығы жергілікті медиа-кеңістік иерархиясымен тығыз байланысты. Қазақстандағы БАҚ алғашқы жылдары этникалық қайшылықтардың тереңіне бойламай, баяндап қана келді.

Себебі, тарихи факторлар мен әлеуметтік көңіл-күйге жіті назар аударылды. Алғашқы жылдары көптеген ұлтаралық қақтығыстарды жергілікті құқық қорғау органдары «адамдардың үлкен тобының қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны» немесе «жаппай бұзақылық» ретінде жіктеді және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрсетілмеді. Билік мұндай оқиғаларды көпшіліктен жасыруға тырысты. Демократиялық танымды нығайтатын интернет пен әлеуметтік желі қосымшалары болмады. 1992 жылдан кейін барлық кішігірім қақтығыстар туралы ішінара айтыла бастады. Елдегі күрдтер, шешендер, лезгиндер, аварлар, даргиндер, ұйғырлар және т.б. сияқты ұсақ халықтарының өкілдеріне қарсы бағытталған әрекеттер байқалды.

Этникалық бағдардың ауысуы, бір жағынан, эмиграция мен табиғи азаюы салдарынан 1991 жылдан кейін елдегі орыстардың, украиндар мен немістердің үлесі мен санының күрт төмендеуімен, басқа жағынан, жергілікті ұлт өкілдеріне деген көзқарасын түбегейлі өзгерткен «титулдық емес ұлт» жаңа мәртебесіне байланысты. Жаңа мәртебе бір сәтте, биліктегі маңызды орынды жоғалту кезінде бірден сезілді. «Басыңды, жетекші» саналып келген топтардың империялық көзқарастары жергілікті халықты ашындырып, қайшылықтар бола бастады, тіл факторы ортаға шықты. Бұл кезеңде ұлттану процесі басталып, Қазақстандағы өзге этностарға орыс тілді БАҚ дұрыс түсіндіру жұмыстарын жүргізе алмады.

Сонымен қатар қақтығыстардың этникалық бағытының ауысуы титулдық ұлт мәртебесінің славяндардан байырғы қазақтарға өзгеруімен байланысты болды. Бұрын ұсақ мұсылман халықтары өздерінің ұстанымдарын қорғауға келгенде дәстүрлі түрде қазақтармен ынтымақтастықта болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бұл топтар қарама-қайшы жаққа ауысып кетті. Қазақстан республикасының тәуелсіз атануы, қазақ халқының басыңды, мемлекет құраушы ұлт сипатына ие болуын көптеген этностар мойындамай, жоққа шығарып бақты. Сонымен бірге, бұл жерде 1991 жылдан кейін барлық жағдайда қақтығыстар қазақтар мен кавказ халықтарының өкілдері, сондай-ақ ұйғырлар арасында болғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, 1991 жылдан кейінгі ұлтаралық қақтығыстардың көптігі жалпы қазақ халқының басқыншылығымен емес, керісінше, бұқаралық ақпарат құралдарында оқиғаларды көрсетудің жаңа режимімен және тәуелсіз БАҚ пен коммуникацияның пайда болуымен түсіндіріледі. Бұған дейін Қазақстанда шағын ұлтаралық қақтығыстар болған, бірақ (А. Шустовтың 2009 жылғы 16 қарашадағы мәліметі бойынша) оған орыстар мен Қазақстанның басқа еуропалық этникалық топтары қатысқан жоқ.

Этникалық қақтығыстар – көп аспектілі құбылыс. Қазақстан Республикасында 2006 жылы ұйғырлар мен қазақтардың, ал 2007 жылы күрдтер мен қазақтардың арасында екі үлкен қақтығыс пайда болды. Ресми билік бұл қақтығыстарды одан әрі этникалық шиеленістер мен қақтығыстарды насихаттамау үшін этносаралық қақтығыстар ретінде қарастырғысы келмеді. Бірнеше себептердің бірі, мемлекет өзінің этностарымен бірге бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін бейбіт және көп ұлтты мемлекет ретінде өзінің халықаралық беделін нашарлатқысы келмегендігімен байланысты болды. 2020 жылдың ақпанында дүнгендер мен қазақтар арасында болған Қордай қақтығысы да тұрмыстық кикілжің деген бағаға ие болды. Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік медианың дамыған кезеңіне дейін этникалық қақтығыстарды баяндау әдісіне сүйене отырып қана көрсетіп, жазып келді. Кейінгі жылдарда ғана ашық ақпарат кеңістігінде: ютуб арналарында мәселенің этникалық себептері, әлеуметтік медиа парақшаларында бұл мәселелерге қатысты соны талдаулар, жаңаша ақпараттар мен бейне-деректер жарық көре бастады.

Қазақстан Республикасында аталмыш тақырыптарға бойлауда басшылықтың астарлы түрде құрған шектеу ережелі де қылаң беретіні жасырын емес. 2007 жылы наурыздың 17 күні Маловодное елді-мекенінде болған қақтығыстан кейін ҚР Бас прокуратурасы ұлттық, діни тұрғыдағы араздық тудырушылар заң бойынша жазаланатындығы

жөнінде БАҚ өкілдеріне ескерту мәлімдеме таратты. Біздің пайымдауымызша, мұндай мазмұндағы мәлімдемелердің белгілі бір дәрежеде сөз бостандығын шектейтін тұстары бар. Мемлекет мен үкімет қайта әлеуметтік проблемалар мен этникалық қақтығыстар кезінде үйлесімді, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығаруды қолға алып, БАҚ-тың өз қызметін «адал» атқаруына жағдай жасауы тиіс.

Қордайдағы қақтығысты да биліктің «тұрмыстық жанжал» ретінде бейнелеуі үлкен ақпараттық сілкініс тудырды. Қазақстан билігі ақпанның жетісінен сегізіне қарған түні Жамбыл облысы Қордай ауданының бірнеше ауылында болған тұрғындар арасындағы жаппай төбелесті «тұрмыстық жанжал» деп сипаттады. «Қамшы» ақпараттық порталы бұл мәселенің мәнісіне бойлап, сарапшы пікірі мен жергілікті тұрғындардың көзқарасын сауатты топтастыра білген. Сайт журналистерінің жазуынша, Қордайдағы оқиғаны «тұрмыстық жанжал» деп сипаттауымен келіспейтінін, кейбірі жартылай келісетінін айтқан. Үкімет ұйымдары мен атқарушы биліктің елде болған бірнеше этникалық қақтығыстарды бүркемелеп, «тұрмыстық жанжал» сынды желеумен бүркеуге тырысатыны БАҚ қызметіне де кері әсерін тигізетінін айтқан дұрыс.

Көп жағдайда халық нашар әлеуметтік шиеленістің құрбанына айналып, соңы этникалық қақтығыстарға ұласуы мүмкін. Қазақстандағы этникалық қақтығыстарды БАҚ арқылы шешу мен жүйелеудің негізгі бағыты, басты формуласы – әлеуметтік тақырыптардың ашық сөз етілуі. Әлеуметтік-экономикалық фон, сөзсіз, этникалық қақтығыстармен қатар жүреді.

Әлеуметтік-этникалық конфликттер – түрлі ресурстар арасындағы ортақержелермен реттелмейтін күрес. Мұнда, әдетте, бір тарап екінші тарапты жойып жіберуге ұмтылады, жарақаттауды не бейтараптандыруды көздейді. Бұл үрдістер де бұқаралық ақпарат құралдарының ауылынан алыс кетпей, ауқымды қоғамдық аудиторияға оперативті түрде жетіп отырады. Аудитория әлеуметтік конфликттің шығу тегін, бастауын, салдары мен зардаптарына қатысты жаңалықтарды бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінен табады.

Бұқаралық ақпарат құралдары ажарында өмір шындығы, билік ұстанымы, саяси манипуляциялар, мүдде ап-айқын көрінеді. Қисынсыз саяси жүйе заңдылықтарды алға тарту мен еліктеу – ұлттық журналистиканың болмысымен қабыспайды. Ұлттық журналистикада мемлекетқұраушыұлтпенэтностардыңерекшеліктері, өзіндікколориті, тұрмыстық санасы, этникалық дүниетанымы ақпараттық мазмұнның негізгі өзегіне айналуы тиіс. Этникалық қақтығыстардың алдын алудың басты шарты – ашықтық пен жариялық, мемлекет құраушы ұлттың мәртебесін, тілі мен ділін, салт-санасын, т.с.с. бірліктерді сапалы ақпараттық сипатпен таныту, Қазақстан жеріндегі этностардың биік мұраттары мен достық тілеуін, бауырмалдылық, альтруистік қадамдарын сөз ету және бірлескен ымыраластыққа күш салудың ақпараттық көрінісін айшықтау. Ұлттық масс медианың бұл бағыттарға келгенде бірқатар есе жіберген де, ұтқан да тұстары көп (жергілікті қақтығыстардың түп-тамырын терең зерттемеу салдары, ассамблея қызметінен аудиторияның қалыс қалуы, Қазақстандағы елді-мекен атауларына қатысты туған даудағы енжарлық. Кейбір арналардың барлық қызметін қазір әлеуметтік медиа, соның ішінде әлеуметтік желілердің атқарып отырғанын көріп отырмыз). Бір сөзбен

айтқанда, отандық журналистика ашықтығы мен кәсібилігі – қазақ халқы мен оның төңірегіне топтасқан этностардың ортақ азаматтық қоғам құндылықтарын жетілдіруіне жағдай жасайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары этникалық қақтығыстан бөлек, басты нысаны – адам, адам өмірі мен бостандықтарына назар салғаны дұрыс. Кейіпкерлердің ұлты арқылы «ұпайын түгендеу» әрекеттері медиа этникаға қайшы қадам. Сондықтан, Қазақстанда әрбір тұлғаның құндылығы идеясы тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен, мемлекеттік билік органдары бейнесіндегі мемлекеттік азаматтардың жеке өмірі сферасына қол сұғушылығына жол бермеумен тікелей байланысты. Мұның барлығы БАҚ қызметінің белсенділігімен, қоғамдық бұлғақтарға дер кезінде жауап қатып отыруымен, этникалық қақтығыстар барысында бірнеше тараптың талап-шағымын қатар ескеруімен тікелей байланысты. Этникалық қақтығыстардың шет жағасын ғана айтып өту, оның тереңіне үңілуге жол ашпау – қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынасқа орасан зор нұқсан келтіреді. Әдетте, этникалық қақтығыстар бірнеше жылдар, айларға созылады. Өзге этниканың құндылықтарына құрмет көрсетпеу, адами ар-ұятына нұқсан келтіру сынды себептерді жариялау барысында ақпарат құралдары мәселенің қылмыстық сипатына баса назар аударуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары шындық картинасын тек біржақты бейнелеу арқылы этникалық топтың біріне жақтасуы да мүмкін.

Мұны тәжірибелі журналист, «Азаттық» радиосының тілшісі Асылхан Мамашұлы: «Этникалық қақтығыс кезінде журналисттің ақпаратты таратуы жайлы шеберлік сағатын өткізді. Асылхан мырзаның айтуынша журналистік кәсіпке келгеннен кейін этникалық қақтығыс кездерінде барынша сақ болу керек. Яғни ұлтыңды алға тартып, ұлтыңның сөзін сөйлей беретін болсаңыз онда сіз журналист емес, сол оқиғаның ішінде жүрген белсендіге айналып кетесіз. Және Қазақстанда бұндай қақтығыстар көп болмаса да араға 2-3 жыл салып қайталанып тұратындығын, сондай кездерде ақпаратты барынша шынайы таратып, журналист ретінде бейтарап түрде жеткізу керектігін айтты» деп сипаттайды [15].

Ішкі біртұтастық пен саяси тұрақтылыққа қол жеткізу үшін елімізде өмір сүріп отырған барлық ұлттар мен этностардың құқықтық, саяси теңдігін сақтау қазіргі уақыттағы мемлекеттің басты ұстанымына айналып отыр. Қазақстандағы этностар мен ұлттар арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынасты күшейту арқылы елімізде ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз.

Қорытынды

Қазақстандағы бұқаралық коммуникация этносаралық қатынастарды нығайту жолында мәдени-шығармашылық функцияға арқа сүйейді. Мәдениет – индивидтік идея мен қоғамдық эстеттің әлеуметтік тәжірибесі, журналистика қоғамдық пікірді қалыптастырса, мәдениет қоғамдық көзқарасты қалыптастырады, қоршаған орта құбылыстарына бейнелі баға береді, материалдық және рухани құндылықтарды өндіру және дамыту процесінде адамдар арасындағы коммуникативті байланыстарды жүзеге асырады.

БАҚ және журналистік қызмет, мәдениеттің динамикасын анықтайды және оның келесі функцияларын жандандырады. Журналистика этникалық бірегейлікті төмендегідей канондар арқылы жүзеге асырады:

- Этностарға қатысты шығармашылық-мәдени туындыларды дайындауға араласу;
- Этникалық мәдениет өзгешеліктерінің танымдық-ақпараттық сипатнамасы;
- Қоғамдық тұрақтылық пен жетістіктерді өз айдынында трансляциялау, яғни аудиторияға ұсыну;
- Мәдени, толерантты мінез-құлық пен элиталық қасиеттерді қалыптастыру;
- Адам болмысы қабылдайтын ізгі құндылықтар жүйесін құру;
- Ортақ өмір тәртібі мен мемлекеттік құндылықтардың өзіндік өрнегін құру;
- Синтездік категория бойынша халықтың үлкен шоғыры – аудитория таным-түсінігін біртұтастандыру (Қазіргі таңда журналистика принциптері өнер топтары мен мәдени қатынастарды ілгерлетіп, қоғамдық құндылықтарды жандандыруда);

Журналистердің этникалық қақтығыстарда хабар таратуға араласуы, бастамашы болуы, оның басы-қасында жүруі қажыр-қайратты қажет ететін міндет, алайда күнделікті өмір шырғалаңында біз журналистердің қызметін бағалай, байқай бермейміз. Шынайы журналистика сала мамандарын кәсіпке адал болуға, қоғам мен әлеуметтік ортаға жанашырлық танытуға үйретеді, халықпен, басқа да қоғамдық институт өкілдерімен тығыз қарым-қатынас орнатуға үндейді. Жалпы, жұмысты жүйелей, қорытындылай отырып, мынандай ұсыныстарды айтсам деп едім. Алдымен, журналистердің этникалық қақтығыстар кезінде құқықтарының қорғалуына еркін, тәуелсіз органдар, мемлекет тарапынан қадағалауға көңіл бөлу. Себебі, көп жағдайда журналистердің сөз еркіндігіне кісен салынып, этникалық қақтығыс болған аймақтардан жедел, шынайы, нақты ақпарат таратуда қиындықтарға тап болып жатады. Екіншіден, этникалық қақтығыстарға қатысты ақпарат тарату мәселелерінің академиялық әдіснамасын әзірлеу. Біздің зерттеу жұмысын жазу барысында байқағанымыздай, этникалық мәселелерден көп журналистер тартынады, бір жағынан мұндай мәселелерді талдау аналитикалық, энциклопедиялық қарым-қабілетті қажет етсе, екінші бір тараптан, жүйелі теориялық білімді меңгеруге сұранады. Сол себептен де, зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде этникалық қақтығыстар кезінде ақпарат таратудың ережелері мен ерекшеліктерін қарастыратын көмекші анықтамалық құрылды. Анықтамалықтың басты ерекшелігі – этникалық қақтығыстар жайлы жарияланымдар дайындап жүрген журналистердің, ғылыми еңбек авторларының, сонымен қатар, ақпараттық кеңістіктегі өнімдерді саралай отырып, жаңаша ізденіспен құрастырылуында (Қосымша А). Мұндай анықтамалықтар отандық журнализмнің өзіндік ерекшеліктері мен бет-бедерін айшықтап, ұлттық ақпарат сапасының артуына ықпал етеді деп сенеміз. Қорыта айтсақ, ұлттық журналистиканың еркін дамуы – ұлттану процесі мен азаматтық қоғамның қалыптасуына бастайды. Ол үшін:

- Мен ұлттық санасы қалыптасқан журналистердің, қоғам белсенділері мен қоғамдық пікір жетекшілерінің «сөз еркіндігін» шектеуге тоқтау қою;
- Сырттан келген ақпараттық ағын мен жалған арандатушы ұстанымдарға, месседждерге уақытында дәлелмен, дәйекпен жауап қайтарып отыру;

- Отандық бұқаралық ақпарат құралдары мен шетелдік медиадағы мәлімдемелерге сараптама мен шолу жүргізу машығы;
- БАҚ беттерінде Ұлттық, елдік тақырыптардың ашық көтерілуі, қоғамдық проблемалардың бүкпесін ақтарылуы;
- медиакратиялық (мемлекет дамуына БАҚ ықпалы) дәстүрдің ұтымды тұстарын ескеріп, ұлттық бірегейлік қалыптастыруға көңіл бөлу т.б. аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. McLuhan M. *Understanding Media: The Extensions of Man*. Cambridge; London: MIT Press, 1994. 355 p.
2. Фрейд З. *Массовая психология и анализ человеческого «Я»*. // Фрейд З. *Избранное*. - Т. I.L: Academic Press, 1969.
3. Habermas J. *The Theory of Communicative Action: Volume 1: Reason and the Rationalization* Beacon Press, Mar 1, 1985 - Philosophy – 512.
4. Ритцер Дж. Р. *Современные социологические теории*. 5-е изд. — СПб.: Питер, 2002. – 688 с.
5. Jenkins H. *The Cultural Logic of Media Convergence*. / H. Jenkins // *International Journ. of Cultural Studies*. – 2004. – Vol. 7. – Issue 1. – P. 34–35.
6. Малугина В. Ю. *Партнерство прессы с социально-политическими институтами как проявление социальности прессы: Дис. канд. полит. наук*. – СПб. – 2006.
7. Бережная М.А. *Социальная тележурналистика*. – СПб., 2005. 3 с.
8. Корконосенко С.Г. *Основы журналистики*. – Москва, 2004. – 367 с.
9. Habermas J. *Theorie des kommunikativen Handelns*. 3. Auflage. – Frankfurt am Main, 1985. Bd. I. S. 15-34.
10. *Этносаралық қақтығыстарға БАҚ-тың әсер етуінің кейбір астарлары*. [Электрондық ресурс]. (2.12.2022) URL: // <https://bulletin-irr.ablaikhan.kz> (қаралған күні: 12.03. 2024.)
11. Курсахич К. *Prime Time Crime: Балканские СМИ в войне и мире*. - US Institute of Peace Press, 2003.
12. Дэвисон Дж. *The Hate Politics: Ultrnationalist and Fundamentalist Tactics and Goals* // *Journal of Hate Studies*. – 2006. – № 5. – P. 38.
13. Laplante L. J., Phenicie K. *Mediating post-Conflict Dialogue* // *Marquette Law Review*. – 2009. -№ 93.- P. 251-283.
14. Әбдиманұлы Ө. «Мәңгілік ел» - ежелден әдебиеттің алтын арқауы // *Мақала. Айқап* 3 (101), – Алматы: Қазақ университеті, 103-б. 2016.

References

1. McLuhan M. *Understanding Media: The Extensions of Man*. (MIT Press, Cambridge; London, 1994, 355 p).
2. Frejd Z. *Massovaya psihologiya i analiz chelovecheskogo «Ya»*. [Mass psychology and analysis of the human “I”]. (Frejd Z. *Izbrannoe*. – Т. I.L: Academic Press, 1969). [in Russian]
3. Habermas J. *The Theory of Communicative Action: Volume 1: Reason and the Rationalization* (Beacon Press, Mar 1, 1985 - Philosophy – 512).

4. Ritcer Dzh. R. Sovremennyye sociologicheskie teorii. 5-e izd. (SPb.: Piter, 2002. –P. 688). [in Russian]
5. Jenkins H. The Cultural Logic of Media Convergence. / H. Jenkins (International Journ. of Cultural Studies. – 2004. – Vol. 7. – Issue 1. – P. 34–35).
6. Malugina V. Ju. Partnerstvo pressy s social'no-politicheskimy institutami kak proyavlenie social'nosti pressy: Dis. kand. polit. nauk. [Press partnership with socio-political institutions as a manifestation of social press] (– SPb. – 2006). [in Russian]
7. Berezhnaya M.A. Social'naya telezhurnalistika. [Social television journalism.].(– SPb., 2005. P. 3). [in Russian]
8. Korkonosenko S.G. Osnovy zhurnalistiki. [Fundamentals of journalism]. (– Moskva, 2004. – P. 367). [in Russian]
9. Habermas J. Theorie des kommunikativen Handelns. 3. (Auflage. Frankfurt am Main, 1985. Bd. I. S. 15-34). [in German]
10. Jetnosaralyk kakygystarga BAK-tyн aser etuinin кейбір astarlary. [Some reasons for media influence on inter-ethnic conflicts]. (2. 12. 2022) [Elektronic resource]. URL: // <https://bulletin-irr.ablaikhan.kz> (Accessed: 12.03. 2024).
11. Kursahich K. Prime Time Crime: Balkanskіe SMI v vojne i mire. [Prime Time Crime: Balkan Media in War and Peace] (US Institute of Peace Press, 2003). [in Russian]
12. Djevison Dzh. The Hate Politics: Ultrnationalist and Fundamentalist Tactics and Goals (Journal of Hate Studies. – 2006. – № 5. – P. 38).
13. Laplante L. J., Phenicie K. Mediating post-Conflict Dialogue (Marquette Law Review. – 2009. - № 93.- P. 251-283).
14. Abdimanuly O. «Mangilik el» - ezhelden adebiettin altyn arkaу ["Eternal land" is a golden pillar of literature since ancient times]. (Article. Aikap 3 (101), – Almaty: Kazak universitety, 2016. [in Kazakh]

Д. Кастай, К. Башанова

Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Освещение национально-этнических конфликтов в информационном пространстве Казахстана

Аннотация. Главное требование сегодняшнего дня – оптимальное решение этических и психологических проблем, сложившихся на основе голых догм и исторической политики в обществе, отмена антинародной политики, грамотное использование функций масс-медиа для формирования уникального общества и перехода от меняющегося общественного сознания к уникальному национальному сознанию, трансформация общественного сознания с поставлением жизни и свободы человека на первую ступень повестки дня.

В исследовательской статье определяется влияние отечественных медиа на обеспечение общественной стабильности, повышение правовой грамотности граждан. Широкое применение технического прагматизма в области журналистики, весомый труд ряда исследователей, проводивших поиски новых медиа. Ключевые моменты способствуют конкретизации шагов модернизации национального сознания, актуальному признанию институтов управления Казахстанской социальностью, ориентированности социума на принципы демократии.

Научный вывод исследования – оценка влияния деятельности массовых коммуникаций в Казахстане на процессы формирования, развития или застоя национальной политики и реальных общественных отношений после обретения независимости, оценка важнейших направлений отечественных средств массовой информации в проведении консолидационных шагов между казахским народом и другими диаспорами, научно-теоретическая экспертиза подходов традиционной и гражданской журналистики при этнических конфликтах. Кроме того, в научном обороте встречаются символы «элементы дискриминации», «этнический эгоизм», «социальный конфликт» на радио, телевидении и в газетах, журналах и новых средствах массовой информации.

Ключевые слова: СМИ, коммуникации, медиаконтент, социальные медиа, медиаграунд, медиаэтика, информационный бэкграунд

D. Kastay, K. Bashanova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Coverage of national-ethnic conflicts in the information space of Kazakhstan

Abstract. The main task of today's day is the optimal decision of the ethical and psychological problem, which is based on the main dogmas and historical policies in the public, from the anti-religious policies to the use of the functions of the mass media for the formation of a unique community, and the transition from intending to create a public setting for a unique national setting to transforming a public setting with the support of life and their people for the first stage of the story of the day.

The research article identifies the impact of domestic media on maintaining social stability and enhancing citizens' legal literacy. Within the journalism field, there has been a notable surge in technical pragmatism, a substantial influx of researchers, and the emergence of new media. Key moments are the concretization of the indicators of modernization of national formation, the current position of the institutions of management of Kazakhstan's socialism, and the orientation of society on the principles of democracy.

Scientific output Research: an assessment of the activities of mass communications in Kazakhstan during the formation process, the development or outpouring of national policies, and real public relations after the introduction of non-compliance; an assessment of important directions for domestic investments. The Kazakh people and other diasporas are consolidating mass information, drawing on the scientific and theoretical expertise of traditional and citizen journalism to explore ethnic conflicts. In addition, the scientific framework incorporates symbols of “elements of discrimination,” “ethnic egoism,” and “social conflict” found in radio, television, newspapers, magazines, and other new sources of mass information.

Key words: mass media, communications, media content, social media, media industry, media ethics, information background.

Авторлар туралы мәлімет:

Д. Қастай – оқытушы, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050038, Алматы, Қазақстан.

Қ. Башанова – оқытушы, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050038, Алматы, Қазақстан.

Кастай Д. – преподаватель, Кафедра печати и электронных СМИ, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050038, Алматы, Казахстан.

Башанова К. – преподаватель, Кафедра печати и электронных СМИ, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050038, Алматы, Казахстан.

Kastay D. – Lecturer, Department of Print and Electronic Media, al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Avenue, 050038, Almaty, Kazakhstan.

Bashanova K. – Lecturer, Department of Print and Electronic Media, al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Avenue, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 19.01.11
Ғылыми мақала

[DOI:https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-122-138](https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-122-138)

Қазақ телевизиясының технологиялық жаңару кезеңдерінің ерекшеліктері

Ұ.М. Есенбекова¹, Қ.Ө. Сақ¹, Н.М. Рахымбаев¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана

(E-mail: ultmudde@mail.ru, kaisak1964@yandex.kz, nursultan-smi@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазақ телевизиясының технологиялық жаңару кезеңдері қарастырылып, технологиялық жетістіктердің хабар тарату саласына әсері мен эволюциясы сипатталады. Тарихи контекст пен нақты кезеңдерді талдау арқылы зерттеу – бұқаралық коммуникация саласындағы инновацияның негізгі кезеңдерін көрсетеді.

Зерттеуде үш негізгі кезең қарастырылған: телевизиялық технологияның кеңестік дәуірдегі алғашқы енгізілуі, тәуелсіздік жылдарында ұлттық телевизияның дамуы және цифрлық хабар таратуға көшу, цифрлық трансформация стратегиялары арқылы жүргізілген соңғы жетістіктер. Әрбір кезең Қазақстандағы кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді көрсететін бірегей қиындықтар мен жетістіктермен сипатталады.

Қазақ телевизиясының мазмұнының жаңаруы, әлеуеті мен бағдарламаларының сапасының өсуі де техникалық прогреспен және қоғамның әлеуметтік сұранысымен сәйкес келеді. Кеңестік кезеңдегі отандық телевизиядағы қиындықтар мен тәуелсіздіктен кейінгі қоғам мен журналистерге берілген сөз бостандығы сол кездегі телебағдарламалардан көрінеді. Осының бәрі мақалада технологиялық жаңарудың әрбір кезеңіне байланысты бірегей қиындықтар мен жетістіктер түрінде қарастырылды. Жаңару кезеңдеріне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар, олардың қазақ телевизиясының болашағына ықпалы талқыланды.

Қорытынды тұжырымдар қазақ телевизиясындағы технологиялық прогрестің динамикалық сипатын анықтайды, үнемі өзгеріп отыратын медиа-ортада саланың өзектілігі мен бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін үздіксіз инновациялардың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: телевизия, даму кезеңдері, ұлттық телевизия, технологиялық жаңару, медиа-контент, трансформация.

Кіріспе

Қазақ телевизиясы өзінің даму кезеңдерінде жаһандық технологиялық жетістіктер мен әлеуметтік өзгерістерді көрсететін елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазақ телевизиясының дамуын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады, олардың әрқайсысы телебағдарлама өндірісін, тарату және тұтыну тәсілін қалыптастырған бірегей технологиялық жаңартулармен сипатталады. Жаңару кезеңдері технологияның эволюциясын көрсетіп қана қоймай, қазақстандық медиа-ландшафтың аудиториясының өсіп келе жатқан сұраныстарына жауап беретін бейімделу сипатын көрсетеді.

